

Мақпал МЫСА

МЕН КЕРЕКПІН



**Алматы
“Жалын баспасы”
2012**

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5
М 92

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Мыса Мақпал.
М 92 Мен керекпін: Өлеңдер./ Мақпал Мыса. —
Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2012. — 136 б.

ISBN 978-601-7286-35-4

Дүрмегі көп дүрбелең дүниеге ақын “Мен керекпін” деп жар салады. Осылайша автор қоғамға өз басы емес, қазақтың қасиетті қара өлеңі керек екенін де жеткізеді.

Жас ақын Мақпал Мысаның аталмыш жыр жинағынан жастыққа тән сезім, махаббат, ұлтжандылық, отансүйгіштік мінезді тани аласыз. Қоңыр үнді, табиғи да сыршыл өлеңдер оқырман жүрегінен жол табары сөзсіз.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7286-35-4

© Мыса Мақпал., 2012
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2012

Мақпал Мыса

Мен керекпін жаны дархан далама,
Ауылыма, қыран тектес қалама,
Мен керекпін жақсыларға осыны
Жақсылап бір түйіп алғын санаңа.

Мен керекпін ұзақ мәнді жасауға,
Отырсам да сенен жырақ тасауда.
Аһ ұрғызар кештігіңді керегім,
Сонда өкініп жанарыңа жас алма.

Ойнап күліп жүре бергін ән сал да,
Мейлі жылы қарсы ал...

мені қарсы алма,

Мен керекпін жырым барда әлемге,
Жалғыз саған керек емес болсам да!






Бірінші бөлім

ӘШПАҚ ДҮНИЕ – АҚ ӘЛЕМ

*Жырларымның көзінен арай көрем,
Таңын сыйлар тағдырым талай берен.
Өмір жайлы...*

*бір өлең бастап қойып,
Аяқтағым келмей жүр қалайда мен...*



ТАҢЫН СЫЙЛАР ТАҒДЫРЫМ...

Шарасына шуағы толған Ай, күн,
Қуанышым бола біл,

болма қайғым!

Аясында Аспантау аяулы әнім,
Алыстады қыр асып жорғалай күн.

Құстар ертіп таң ұзақ құба белден,
Дүбіріме сабылып бұлақ ерген.
Маңдайыма тағдырдың жазғаны бар,
Жаны жырға ғашық боп туа келген.

Шуаққа орап жанымды жырға ғашық,
Қайран күндер барады қырдан асып.
Толқындарым толқитын кезді күттім –
Тамып түсер тамызда жылғаға шық...

Жырларымның көзінен арай көрем,
Таңын сыйлар тағдырым талай берен.
Өмір жайлы...

Бір өлең бастап қойып,
Аяқтағым келмей жүр қалайда мен...



ТАНЫСУ

(Қасым Аманжоловтың “Өзім туралысын” оқығанда)

Адалдарды жаныммен құшар едім,
Қанаттылар тобымен ұшар едім.
Өрт өлеңін төрде емес,
Өрде жазған –
Атым – Мақпал, фамилиям – Мыса менің.

Бақыт жайлы басталса бүгінгі өлең,
Күндей жайнап алдыңда күлімдегем.
Ұрындырып суыққа алмаңдаршы,
Жапырақтай жанымды дірілдеген.

Бауыр бүтін болғанда,
Халқым аман,
Шабыт барда кей-кейде шалқып ағам.
Көргендіге көктемдей көңілім бар –
Тау бұлағы секілді жарқыраған.

Қайғы қашық кездерде,
Мұң да қашық,
Көңіл кейде кетеді қырдан асып.
Қазағымның қаракөз бір қызымын,
Нұрға ғашық туғалы
Жырға ғашық.

Көппен бірге күлесің,
Қуанасың,
Ұлағаты ұлтыңның ұнағасын.
Қыз дегенің ертеңнің анасы ғой,
Сыйламайды ендеше кім анасын?!

Адалдарды жаныммен құшар едім,
Қанаттылар тобымен ұшар едім.
Өрт өлеңін төрде емес,
Өрде жазған –
Атым – Мақпал, фамилиям – Мыса менің.

АУЫЛ ЖАЙЛЫ ТҮС КӨРЕМ..

Ауыл жайлы мен әдемі түс көрем,
Бірге ұшамын аққанат бір құспенен.
Суын іздеп шарқ ұрамын Қайнардың,
Бала кезде бұлағынан ішкен ем.

Бұл мекенде бары да рас бір тылсым,
Көздерінде кездерім бар бүлдіршін.
Өлең деген өмір құсым көз ашты,
Оятты ма баба өруағы, кім білсін?!

Туған жерім, тұнығым да қуатым,
Ақ бұлағым ақ бетімді жуатын.
Топырағында жалаңаяқ жүгіріп,
Сәттерім-ай, ақ көбелек қуатын.

Түсіме ылғи ауыл кіре береді,
Ақ Қайнардың бақ оранған желегі.
Аққанат құс сан айналған жер еді,
Бәлкім түске киелілер енеді...

Жылжи берді мен кеткелі жайлап ай,
Бұла шақтың бұлт секілді ауғаны-ай.
Ақ Қайнарым, түсіме ене бергенше,
Зәм-зәміңнен сіміртсеңші, лайламай.

Туған өлке басымызға бақ байлар,
Мейман болсаң ауылыңа мақтай бар!
Айшықты жер ай оңынан туатын,
Айналайын атамекен – Ақ Қайнар!

ҚАЙНАРБҰЛАҚ

Біздің ауыл Төңіртау бауырында,
Сонда менің тойым да, сауығым да.
Бүлдіршіндей сол жердің бір қызы едім,
Жалаң аяқ жүгірген жауынында.

Өткен күндер айналды түс елеске,
Өмір деген қалықтар құс емес пе?
Саған жетсем әйтеуір, Қайнарбұлақ,
Балалықтың бал шағы түседі еске.

Сәл жабықсам бауырдың ізеті емдеп,
Қатем болса өзіңе түзетем кеп.
Озып келсем бәйгеден қуанасың,
Бекбергеннің немере қызы екен деп.

Айналғандай қазақтың даласына,
Сонда шіркін, туыс та, нағашы да.
Қайнарбұлақ, суыңнан ішсем бе екен,
Жетсем бе екен еркелеп Лабасыға!

Жылғалары ағатын сайдан құлап,
Туған мекен, басыңа байланды бақ.
Құстай ұшып келемін саған қарай,
Қайнар бұлақ, дүние-ай, Қайнарбұлақ!



ҚАЙНАРҒА БАРА ЖАТҚАНДА...

Шабытын сыйлар шақтар ма,
Ағарып атқан ақ таңға,
Айналып кеткен мақтанға
О, менің туған Мекенім,
Бақсызды бөлер бақтарға.
Мен саған ертең жетемін
Ақ қар ма, әлде ақпан ба?
Жанымда лаулар от едің,
Тұманың суын татқанға.
Ойларға шомып кетемін
Қайнарға бара жатқанда.

Бақ мекенім-ай, баталым,
Күндер-ай, шіркін, айлар-ай,
О, менің кіші Отаным,
Сандуғашың боп сайрамай,
Мен сенен қалай кетемін?
Бақыттан байрақ байламай.
Бір қызың болып өтемін,
Жұлдызың болып өтемін,
Қайнар-ай, шіркін, Қайнар-ай!

Жаныма сыйлап мақам мұң,
Мен сенен талай бата алдым.
Өзіңсің кіндік мекені –
Тоқсаннан асқан әжемнің,
Тоқсаннан асқан атамның.
Төсіңді сенің гүл емсін,
Тыңдарға тартар түленсің.
Арнау жыр жазсам ақтарып,
Мені де көзге ілерсің,
Шапағатым деп білерсің,
Махаббатым деп білерсің.

Оңымнан туар жұлдызым,
Қырда өскен мен бір қырмызың.
Өзіңе ғашық мәңгілік
Қаршадай ғана бір қызың.
Қайнарда туу бір бақыт,
Жүректі жастан жырлатып.
Маңдайым тасқа тигенде,
Көзімнің жасын құрғатып.
Аруана болсаң, ботамын,
Сен асқар болсаң, жотамын.
Балаңмын – барлық атағым,
Махаббатымды аялап
Өзіңе бара жатамын,
Қайнарға бара жатамын...



ҚАЙРАН КӨКТЕМ

Армандарға жетелеп асқаралы,
Дүниенің ашылып қас-қабағы.
Хантөңірдің оранып шапағына
Көктем біздің ауылдан басталады.

Беделіңе қарамай,
атағыңа,
Өппақ таңы арайлап атады да.
Көктем біздің ауылдан басталады,
Хантөңірдің оранып шапағына.

Тіршіліктің осынау сағатында,
Озатын да пенде бар,
қалатын да.
Құйқылжыса құс біткен бір әуенмен,
Көктем келе жатады қанатында.

Алақанын арманым жайған көктем,
Ғұмырыңды мәңгілік сайран деп пе ең?
Өткендерге салауат айтып бүгін –
Көктем келді тағы да
Қайран көктем...



ЖЕТІСУ – ЖЕТІГЕННІҢ ЖЕТІ ІШЕГІ

*Өрге тартса адаспай сенім – кеме,
Жеті санын, ендеше, тегін деме.
Жетпіс,
сексен өзені жарыса аққан,
Жетісу боп аталған жерім неге?*

Рафаэль Ниязбек

Жанымның жайлауында жиде пісіп,
Қайыңның жапырағында биледі шық.
Жетісу – жетігеннің жеті ішегі,
Сазынан аққу қонған, үйрек ұшып.

Табылған Есігінен алтын адам,
Арқардай ақ бұлағы арқыраған.
Жетісу – жеті жұлдыз жанымдағы,
Көгінде көңілімнің жарқыраған.

Ұшатын асқар шыңнан әні кілең,
Мен сенен алыс кетсем сағынып ем.
Жетісу – өлеңімнің жеті өрнегі,
Анашым зерін төккен қалы кілем.

Аспантау – Хантөңірі сол бір өлең,
Жетісу жеті жалау желбіреген.
Үшқоңыр жайлауында кие қонып,
Ленің өзеніндей мөлдіреген.

Тасында қалып қойған жыр бедері,
Жеті өзен – жеті бағым іргедегі.
Құлагер Ілиястың дүл-дүл жыры,
Мұқағали ақынның мұңды өлеңі.

Өтсе де...
дауылдай күн, құйындай күн,
Қалайша қасиетіне сиынбаймын?!

Жетісу рухымен өнген өңір,
Қарасай, Райымбек, Сүйінбайдың.

Көгіне көгершіні самғар мына,
Беретін қанат байлап армандыға.
Жетісу – қынаптағы жеті жебе,
Қабанбай бабамыздан қалған мұра.

Туған жер басындағы бағы ма едің,
Лағындай төсінді емсін лағыл елің.
Жетісу – жеті жаһұт жаһандағы,
Күні арай, түні тылсым, таңы керім.

Жанымның жазығында жиде пісіп,
Қайыңның жапырағында биледі шық.
Жетісу – жетігеннің жеті ішегі,
Сазынан аққу қонған, үйрек ұшып.



ІЛИЯСТЫҢ АҚСУЫ...

Ақсулап Ілиястай көсілер ме ем,
Күндердің керуенімен көші келген.
“Қобызшы Мольқбай шал Матайдағы”
Ұрпағы, бармысыздар, өсіп өнген?!

Тектінің кіндік кескен жыры мұнда,
Тербелген өлең болып ғұмырында.
Ағынды Ақсу елі, армысыздар,
Таныған Құлагерді құлынында.

Өрені өлең жырды өмірім дер,
Кеудеме кемел ойдың көрігін бер.
Ақтаңгер Сара апамның айналайын,
Басыма бір киейін бөрігін бер!

Тірліктің тоқсан тарау тармақтары,
Ақсу Ар ардақтысын ардақтады.
Қанипа, Әлібек пен Ғалилары
Көгіне өлең жырды самғатқалы.

Ежелден бақ тербеген ырысыңды,
Бұл өлке көкірегіме гүл ұсынды.
Ақсудың аққулары ұшты айналып,
Мұқашев Құдаш ағам жыры сынды.

Ақсудай арман елім сырын өрісін,
Көзіме тамшы болып ілінерсің.
Светтің айтпай кеткен ойлары мен
Жамаудың жазбай кеткен жыры дерсің...

Бұл өлке – жарық өлке жөн білгенге,
Шырағын ақындар сөндірген бе?!
Ағынды Ақсуына Ілиястың
Бетімді бір шаюға келдім мен де!

ЖЫР – ҚҰЛАГЕР

Қақтырып жыр қанатын, күй қанатын,
Ақсудың ақтолқынын сүйген ақын.
Мәреден құлагерін күтіп жүріп,
Өртеніп өз отына күйген ақын.

Өлеңі тартып туған иесіне,
Түседі дүлділ ағам жиі есіме.
“Балтасы Батыраштың басын шапқан”,
Құлагер Ілиястың киесі ме?!

Есіме ерен өмір сырдай тұнар,
Бұл есім мойнымдағы жырдай тұмар.
Бір жүйрік бір жүйріктің бағын ашып,
Құлагер Ілияспен бірге айтылар.

“Тар жолға тайғақ кешу араласып,”
Ойласам көзге ілініп қала ма шық?
“Дала” деп “Күй” толғаған күйші ақынға
Бұл күнде дана ғашық,
дала ғашық.

Өмірің өзегімді өртеп тегі,
Елестей ерен ақын ертектегі,
“Балтасы тағдыр деген Батыраштың”
Өлеңнің құлагерін мерт етпеді.

Жанымда жарқылың жүр мына менің,
Ақсудай ағындап бір тұнар едің.
Өлеңнің сен баптадың Құлагерін,
Мұңыңды түсінеді мұрагерің.

Жаныма тұнығыңды тұндыра кел,
Сырыңды сырнайлатар сұңғыла бел.

Төске салсаң төрге озып Аламанда
Бәйгеден тағы келді жыр Құлагер!

Ішкенім рухыңның нұр тұнығы,
Желбіреп Жетісуда гүл тұлымы,
Дүбірге дүбірлетіп қосылатын,
Мен де, аға, Құлагердің бір құлыны...



Мұқағали дегенің
муза еліне,
Қанат байлап самғаған қанатты арман.

Қара өлеңге ғашық боп қарындасың,
Орамалын желпиді сағынғасын.
Хантөңірдің шомылып киесіне,
Қарасазға келдің бе,
қарлығашым?



АҚЫН АҒАМА
(*Мұқағали Мақатаевқа*)

– 1 –

Ақындар көп том-том кітап жазатын,
Ақындар көп шақыратын өз атын
Ақындар көп шекпен киген, шен алған,
Нағыз ақын сыртта қалды озатын.

Нағыз ақын талантымен танылар,
Пәле деген аяқасты табылар.
Өз ойыңды айта алмай Абайдай,
Кезің болды-ау Махамбетті сағынар.

Жамандыққа, арамдыққа түршігіп,
Жүрсең-дағы өлең жаздың құлшынып.
Қадам бассаң кездестіріп кедергі,
Өз отыңа өзің жүрдің түншығып.

Тіршілікте көп ақталмай арманың,
Бармақ тістеп талай жерде қалғаның.
“Асыл алмас қап түбінде жатпайды”,
Енді міне, асқар көкке самғадың.

Еске алсам жанарыма шық тұрар,
Дөкейлер көп ызғарымен ықтырар...
“Бірге ішкен, бірге жеген” боп апты,
Бір кездері сырт айналған “мықтылар”.

Мейлі, мейлі дат баспайтын даңқың бар,
Жүрегінде мәңгі сақтар халқың бар.
Ізбасарың біздер бармыз артыңда,
Ей, болашақ, бізге сенім артыңдар!

Ақ дүние.
Ақ өлеңде,
Ақпан ақ қар.
Жалын жыр жүректерге жаққан оттар.
Мұзбалақ Мұқағали жырыменен
Мұзарт таудың басына бақ қонақтар.

Отың бар өшпейтұғын, арғымағым,
Жайнатқан әнмен қазақ таңғы бағын.
“Ақындығы ақынның атақта емес”,
Деп жырға арқау еткен ардың әнін.

Ақ әлемге әйгілі бар игі атың,
Қыран көзбен өмірді таниды ақын.
Ақ арманын ақтарып ақ қайыңға
Аққуларды ұйқатқан дәриға ақын.

Ізі жатыр ақынның ізгі өткелде,
Аққулары ән айтып тізбектелген.
Ақ самалын өлеңнің тербеп жүріп,
Ақ дүниеден адалдық іздеп келген.

Алдаспан жыр арқауын дараласақ,
Ақын жаны әппақ нұр дара ғажап.
Маңдайында Алаштың жарқырап тұр,
Қара өлеңнің иесі қара қазақ!

ТАУ ҚЫЗЫМЫН

Шапағына арай күннің тамсанған,
Тау қызымын даласында өн салған.
Жер – Ананың төсін еміп тебіреніп,
Адамзаттың баласы боп жар салғам.

Белгісі бар бедерінде белестің,
Сағынышым сарғайған сол елес күн.
Ел-журтының есендігін тілейтін
Дархан мінез дала гүлі боп өстім.

Жатса-дағы сыйлап қала жемісін,
Менің жаным таң нұрымен ерісін.
Биіктіктің бекемдігін бетке ұстар
Өр мінезім – таумен туған келісім.

Тастақ жолмен кетсем-дағы жол алып,
Атанбасам өкінбеймін қалалық.
Сайын дала самалына сыр айтқан
Тау қызы боп қалатыным ол – анық!



ҚАЗАҒЫМНЫҢ ДАЛАСЫ

Жер қайда қазағымның даласындай,
Жұпар иісі аңқыған ауасындай.
Көлдерге көз жүгіртсең қырға шығып,
Ортада қымыз құйған шарасындай.
Көк майса, қызыл-жасыл қыр гүлдері
Тоқылған түрлі кілем жағасындай.
Өзеннің атқылаған мөлдір суы
Жүйткіген тұлпарлардың тағасындай,
Жағалауы өзеннің жасыл-желек,
Үлпілдеген үкінің баласындай.
Алатау ақ бұлттардан сәлде ораған,
Сан буынды ұрпақтың данасындай.
Алқа таққан бөріне ақ сәуледен
Көктегі күн мейірімді анасындай.
Асылмаса аспанға алып таулар
Қалады құмарлары бір басылмай.
Ашуланса көк аспан ара тұра,
Найзағайы қоймайды шыңға асылмай.
Күркірегенде сабыр деп ақ Алатау
Ақ сәлдесін тауларға жабатындай.
Таудағы шыңда өскен арша-шырша,
Қарағайлар сұлу жердің жаннатындай.
Көрікті өсем дала таңы ғажап,
Бұлбұлы асқақ үнге салатындай.
Әуелеткен даланы бұлбұл құстың
Үнінен гүл, тілінен бал таматындай.
Айналып ұшы-қиырын түгел кезсе,
Қанаты ұшқан құстың талатындай.
Құзы, шыңы биік қой көз таларлық,
Қыраны самғап қанат қағатындай.
Жетісу жер жаннаты жайлауы кең,
Пүліштің бүктетілген қабатындай.
Сыр шерткен табиғаты өлкеміздің,
Сұлу ғой бір көрген таң қалатындай.
Бағы тұнған байлығын байтағымның
Қаламмен дастан қылып жазатындай.

МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Тәуелсіздік алған елім,
Әлемге үнін жарған елім.
Тарихта бар талай-талай,
Қиындыққа барған едің.
Менің Қазақстаным!

Тарылғанда тыныс болдың,
Қиналғанда қылыш болдың.
Сан ұлттарға құшақ жайып,
Бірлікті ел ұлыс болдың.
Менің Қазақстаным!

Құлаш ұрған заңғарларға,
Елін сүйер жандар барда.
Кең әлемге танылдық біз,
Бұдан артық арман бар ма?!
Менің Қазақстаным!

Өркениет өрісің кең,
Шырқай бергін ер ісіңмен!
Жер әлемге мақтан тұтам,
Сендей қымбат жер үшін мен!
Менің Қазақстаным!



ҚЫРАН ҚАЛАМ

Қапшағайым,

шын сүйемін мен сені,
Саған деген жоқ махаббат өлшемі.
Арман қанат жанға жайлы қонысым,
Алатаудай биік болшы еңселі.

Кетпесінші келбетіңді ластап,
Ең әдемі сезімдермен кіл асқақ.
Тек тілдесіп жатсаң болды тілдесіп,
Толқынында біз жүземіз құлаштап.

Қуат алып бір өзіңнен бойға сан,
Бақыттымын сен мәз болып тойласаң.
Қуаныштан жарылардай шақ қалам,
Елбасы айтқан болашақты ойласам.

Күндер туар саған қарар тамсана,
Балақайлар жүгіретін жан сала.
Шағаладай келіп қонған жағаңа,
Бақытты өмір кешуде жұрт қаншама?!

Биік-биік белес ашар жол саған,
Бізге бақыт ел-жұртымыз болса аман.
Қыран қалам, талмай қанат қаға бер,
Жеткен жеңіс, ерлігіңе қол соғам!



АСТАНАМ

Тарихына мол мұрасын тастаған,
Ұлы көшке даңғыл жолын бастаған.
Туған күнің құтты болсын, қуанам,
Елордасы – Астанам!

Әлем танып бағалай бір білетін,
Асқақтықтың көрсетіп үлгі ретін.
Сол жағалау махаббаттың мекені,
Қол ұстасып қос ғашықтар жүретін.

Ару қала теңдесі жоқ бағалы,
Көз тартқан соң әлем көзін қадады.
Биік етті, сүйікті етті қаланы,
Жаңа заман талабы.

Шарықтатқан өлкесінде аспан өн,
Қуануда қарияң мен жас балаң.
Туған күнің құтты болсын, қуанам,
Елордасы – Астанам!



ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

*Тілді ажал аузында деп қай кезде
айтуға болады, сол тілде сөйлейтін
жас ұрпақ одан безінген кезде.*

Дэвид Кристал

Тіл тағдыры – ел тағдыры дегенде,
Жаратқанға жалбарынып сиынад.
Тілі барда одан сірә безіну
Ел ертеңі үшін тұман қиын-ақ.
Мен келемін дүркіретіп өлеңге,
Махамбеттің дулығасын киіп ап.

Қайда кетті, бөрілі елім, сол заман,
Тарихымыз тектелмесе жұпыны.
Жылдар бойы қанымызбен қорғаған,
Тіліміздің қайда қалды күтімі?
Ордалы ой, ата сөзін қалдырған,
Асылдардың қалды ма аман бүтіні?!

Ұлылығын білмей әдет-ғұрыптың,
Қанша жастар сабылып жүр маңайда.
Біздер үшін шыңға шығу ұлық күн,
Қазақ болып шығу керек қалайда!
Қарау үшін қайрат керек қажымас,
Бейбіт күнмен атқан таңғы арайға.

Кете берер ойға шырақ жағылса,
Болашақтан күн туады жоқ күдік,
Тілі үшін Тәңіріне табынса,
Жүректерін жалын намыс от тіліп,
Тіл алдында бойымыздан табылса,
Адалдықпен арқа сүйер тектілік.

Осы менің көздегенім арманым,
Жалын ойым қыз жүректен маздаған,
Ерше айттым дүниенің жалғанын
Ақын деген асаулықпен аздаған.
Ұрпағына аманат қып тапсырып,
Тіл туралы тебіренбеген аз ба адам?!

Асылдардың ұрпағымыз бүтіні,
Шашылғанда бір-бір түйір тарымыз.
Текті елміз қаракөктің тұқымы
Дар алдында әрқашанда арымыз.
Еліміздің түзу ұшсын түтіні,
Қазақ атын шығарайық бәріміз!

Таңбалы тіл тарихымыз тозбасын,
Тіршіліктің қайнап жатқан тезінде,
Басқа түсер бұл өмірде аз ба сын,
Кір түспесін тілге адал сезімге.
Күндес кезбе сыртыңнан көр қазбасын,
Ей, қазағым, тіліңнен еш безінбе!



ЕЛ БІРЛІГІ ЖАСАСЫН!

Қазақ деген ұлт едік біз ақтабан,
Ақиқат пен әділдікті жақтаған.
Қыл үстінде тағдырымыз болса да,
Бақыттымыз – Құдай бізді сақтаған.

Еккен елде көктер мықты әр талмыз,
Өзге ұлтты шет қақпайтын дарханбыз.
Сол бауырлық арқасында көкке ұзап,
Болашаққа даңғыл жолмен тартармыз.

Көпұлттымыз сыртқа ешкімді қақпаған,
Ел бірлігін, ынтымағын сақтаған.
Аласы ма, құласы ма қарамай,
Сөйгүлігін жарыстарға баптаған.

Қазақ елі, әлі асудан асасың,
Көкжиектің бұлтын күнмен ашасың!
Бәрінен де аманаты үлкеннің –
Ел бірлігі, ел бірлігі жасасын!



ҚАПШАҒАЙ ДЕГЕН БІР КӨЛ БАР...

Жанымда жүрек солқылы,
Өзіңе жеткем сол күні.
Қапшағай деген бір көл бар,
Жағаны сүйген толқыны.

Жәудіреп қана жанары,
Бақыттың отын жағады.
Қапшағай деген бір көл бар,
Толқыны ұрған жағаны.

Көңіл күйінді сан аулар,
Бақытың болып жалаулар.
Жағалауында сол көлдің
Жастығым жаққан алау бар.

Кенелу үшін ырысқа,
Жегілу керек жұмысқа.
Шалдығып қалған кезінде,
Қапшағайға кел, тыныста!

Көңілі жұрттың патшадай,
Ару қыз сонда,
жақсы ағай.

Жарығы болдың жанымның —
Мөлдіреп жатқан Қапшағай!



ТІЛІМ ӘСТЕ КІРЛЕМЕУГЕ ТИІСТІ!

*Ей, тіл білмес танысым,
Бойыңда болса намысың.
Құрметте тілді ар үшін,
Тым болмаса артыңнан
Ерер ұрнақ қамы үшін!*

(Автор)

Үміт артып күн кешемін әр таңға,
Тілсіз өлең жазып әсте жарытам ба?
Өмір маған қымбат, тілім-тірегім,
Өмір маған көркем сенің арқаңда!

Тіл айбыным, сен өрлеттің төрге сен,
Сен себепші мен биікке өрлесем.
Алып көлге айналасың бір демде,
Сені үзік жыр толқынмен тербесем.

Тарихыңмен мен талайғы үндесем,
Өрле көкке, қолың жеткіз күнге сен.
Жүректерді оятып жырлар жазып,
Сенің бағың жану үшін күн кешем!

Ақыл сөзім жүрегіммен қиысты,
Айтарым бар кейбіреуге күй ішті.
Өз жерінде өгей бала сияқты
Тілім әсте кірлемеуге тиісті!



ЕГЕМЕНДІ ЕЛ ДЕГЕН...

Айналасы көз жетпейтін кең белең,
Тарихында жеңісті боп ерлеген.
Білесің бе, ей, бауырым,
Мынау байтақ егеменді ел деген
Бабалардың ерлігінсіз келмеген.

Еңбек еткін, адам бол деп үн жарды,
Тәрбиелеп аналары ұлдарды.
Оңай деп пе ең, ей, бауырым,
Жеңіп өтіп жолда тұрған сындарды,
Терін төгіп адалдықпен шындалды.

Желтоқсандық әлі есте ызғардың...
Шашын жұлды сұмпайылар қыздардың.
Тәуелсіздік алып берді денесі
Қалқасында қалса-дағы күз-жардың,
Еске түссе ел жүрегі сыздар мың...

Қанын төккен, жанын қиған жер үшін,
Қаһармандар жаралыпты ел үшін.
Ей, қазағым, аманаты солардың,
Қысылғанда жалғастырып жең ұшын,
Тәуелсіздік – сенің ұлы жеңісің!

Ынтымаққа шақырып ел жақынын,
Аямайтын асқар таулы ақылын.
Қайрат күші аңыз болған баршаға
Батырлардан үлгі алудан батырым,
Саған кезек келіп жетті ақырын.

Жағымпаз, жандайшапқа ел өкпелі,
Адалдығы дүниенің бөлек те еді.
Ақиқаттың ауылын іздегенде
Ақынның басын шабу керек пе еді?!

...Күрсінгендей

бөзбіреу жан-жағымда,
Басымды көтеріп мен алғанымда
Қаба сақал, бүркіт қабақ біреу отыр,
Құрсаңған темірдің сұр ар жағында.
Кіреуке сауытынан, бөрігінен,
Көзінен шоқтай жанған, көрігінен
Мезетте тани кеттім Махамбетті,
Санамда суреті бар соны білем.

Қабақты ұзын сақал көкке қарап:
“Айтқанды қалма, бала, өкпе санап,
Жыр жазсаң елің үшін, жерің үшін,
Бергенін тағдырыңның ет қанағат”, –
Деді де ғайып болды ұлы елесім,
Қуаттымын,

белгілі құр емесім.

Есімің ер Махамбет тарлан баба,
Өрқашан өлеңімде жүрер есім.

Тірліктің әрбір күнін ұғынамын,
Ақиқат үшін неге бұғынамын?
Жырыңның қайрағына қайралғанда,
Апшысын жалғандықтың қуырамын!

МЕН СІҢЛІСІ ЖІБЕКТІҢ

“Сен даланың жайнаған ақ гүлісің,
Мазалады жүрегімді күлісің”, –
Деп таңқалды алдымдағы бозбала,
Төлеген бе, әлде оның інісі?!

Көзің түсіп қарай бердің тыншымай,
Жүрегімді берді ойың шымшылай.
Табиғат тұр сақшы болып күзетіп,
Ал уақыт құлақ тосқан тыңшыдай.

Сөз салдың сен мойнымды жай бұрғаннан,
Жауап күтіп тербелген ай сырғамнан.
Көңіл сырын көзден ұқтым нәзік боп,
Тұнды жүрек тереңінде өзгі арман.

Жүрегіме алғаш сезім гүл ектің,
Болмасыншы, Бекежан сұм, жүректім...
Өйткені ер Төлегеннен айырылған,
Мен бейкүнә сіңлісі ақ Жібектің.



ӨЗГЕШЕ КӨКТЕМ

Махаббаттың болушы еді от демі,
Сырлы сезім жаңбырын да төкпеді.
Деп жүргенде есік қақты елеусіз,
Өмірімнің ғашық қылған көктемі.

Көктем лебі гүл өсірді жаныма,
Күрең күзге қош бол дедім арыла.
Нұр жаңбырын төкті біздің кеудеге,
Бақыт көзбен қарадым ақ таңыма.

Жастығыма түсіп жатыр көз неше,
Сырға бөлеп жазбас едім сезбесем.
Жүрегімді дір еткізген ғажайып,
Білем бірақ бұл көктемім өзгеше.



ҚАЗАҚПЫН!

Қазақпын, ақкөңілмін, киелімін,
Аңсаған жыр патшалық иелігін.
Құлпырар жерде гүлім бүрін жарып,
Көгімде шуағымен сүйеді күн!

Қазақпын, қонақжаймын, байсалдымын,
Жақсымын көрсетер мың жайсаңдығын.
Тозақ отын кешсем де тайсалмадым,
Қайтпайды бойымдағы қайсарлығым.

Биік таумын танылар асқарынан,
Құралған інжу маржан тастарынан.
Қияннан тоят табар қыранымын,
Талмай ұшқан әлемнің аспанынан.



ТЕТІК БОЛСАМ

Мен жазбаймын өлеңді ертегі үшін,
Қара сөздің сыйқырлы көркемі үшін
Жырымды жазамын мен Отанымның
Туған елдің болашақ ертеңі үшін.

Жаза қойман мен сірә саясатпен,
Шіреніп жүре алмаспын зор атақпен.
Махаббатпен бастадым жырларымды,
Аяқтағым келеді парасатпен.

Туған жерде мәңгілік тұрақтағам,
Жалаң ой, жайдақ сезім жырақ маған.
Тетік болсам нығыздап ұстап тұрар,
Отанымның қамалын құлатпаған.

Өлең менің тірлікте бар тынысым,
Адалдық жолындағы ар қылышым.
Тіліме тиек етіп алам дағы,
Жыр жазамын дүбірлі халқым үшін!



ҰЛАН ЕДІҢ...

Іздедім арманымның кезіп бәрін,
Алдымнан күлім қағып кезікті өнің
Шын бақыт шыңға шықты деп ойладым,
Білгенде жан дүниеңнен сезіп бәрін

Мен үшін уақыт, шіркін, сырғымайды,
Санадағы саңлақ ой жылжымайды
Көңілім көкке қарап жәудіреді,
Жүрегім сен дегенде шын жылайды.

Ұлан едің үміт артар ел сенер,
Қыз едім мен өлең көңілім теңселер
Жүрегіңе мендік тіккен жыр отау
Сендік биік парасатпен өлшенер.



ҚАРАИЫҚҚА

Қазақта бүркіт құстың иелігін,
Қасиетті деп санаған киелі ұғым.
Қолына қару алып атпақ түгіл,
Таспенен үркітеді, тиеді кім?

Жағалап жүріп тау-тас, құз-биікті,
Ермек қып ертіп жүрсің қарайықты.
Бүгінде буыны бекіп-қатып,
Түлкіні бүрер күйге әл жиыпты.

Қанатын желпігенде тұрар жел де,
Қарайық тұлғасымен сұлу бел де.
Алыс-жұлыс қараған отты көз бен
Айыр тырнақ түсірер аңды жемге.

Қасат қар, аяқ алып жүрер емес,
Жүгіріп тазы оны ілер емес.
Биіктен құлай ұшқан қарайығың
Қас-қағымда түлкіні бүреді, ілес.

Құс ұстап, тазы ертуге жуықтаған,
Шабарда атын терлі суытпаған.
Ризамын сендей жанға, құда бала,
Қазақтың көне өнерін ұмытпаған.



НЕ ЖЕТСІН...

Глесем деп дүрмегіне өнердің,
Азабына мына өмірдің шөггердім.
Оқу қусам деген арман ұстатпай,
Миым жетіп тұрғанменен бөгелдім.

Бармақтай бақ бұйырмады қырсығып,
Жүйкемді жеп күндегі сол тіршілік.
Арманымды талап қылып жүрсем де,
Өз отыма өзім жүрмін тұншығып.

Жанның гүлі орындалмай арманым,
Бармақ тістеп талай жерде қалғаным.
Үміт гүлі үзіліп жүз жатса да,
Бастапқы бір мақсатымнан танбадым.

Деме, халқым, тілінді құр безепсің,
Алдыңда үлкен күтіп тұрар кезек сын.
Адам болып келгеннен соң өмірге,
Арман қуып оқығанға не жетсін!

Болашаққа, ертеңіме сенемін,
Өз әлімше жырлар жазып келемін.
Сәл мұңайтып қинайтыны жанымды –
Мен студент бола алмай бір келемін...






Екінші бөлім

ӨМІР ГҮЛІ

*Ойым жоқ қатарымнан бөлектенбек,
Толқыса толқындарым себептер көп...
Айдыңға желді күні қайық салдым,
Сұраймын Жаратқаннан медет бер деп.*



ЖАНЫМ МЕНІҢ ІЗДЕЙДІ...

Мені кейде батырып дала мұңға,
Жалқын сәуле ойнайды жанарымда.
Менің жастық ғұмырым барады өтіп,
Оқылмаған кітаптың парағында.

Табыла ма білмеймін,
іздегенім,
Қабағынан күндердің сыз көремін.
Қара жауын құйып тұр кеше, бүгін
Көктемнен соң ұқтырып күз келерін.

Үлгердім бе көп іске,
үлгермедім,
Барқыт белдің термедім бүлдіргенін.
Ақ пен қара айтысы секілденген
Өмір деген осы екен бір білгенім.

Ғайбаттасақ батармыз біз күнәға,
Күрсінетін секілді күзгі қала.
Дүрмегі көп дүрбелең дүниеде,
Жаным менің іздейді Сізді ғана...

ОЙ ТАМШЫ...

Хақ жолына бұрылсам –
Адамдықтың есігі.
Қателікке ұрынсам –
Пенделіктің кесірі.

Ұғар жанды қай кісі,
Мұңайғаным, күлгенім...
Ақ пен қара айтысы –
Өмір екен білгенім.

Бұғанам да бекіпті,
Жердің гүлін жиямын.
Көкке самғап кетіпті
Арманымды ап қиялым.

Ұшса қанат талмайтын –
Жастығымның сыры еді.
Өмірімнен аумайтын –
Жазғандарым жыр еді.

Бағым болсын мәуелі,
Өмір сыйын аламын.
Отым барда әуелі
Жалындаймын, жанамын.

Қақым жоқ еш қалғуға,
Болғанменен от демім.
...Білгенімнің алдында
Білмейтінім көп менің.

ӨЛЕҢІМ

Өлеңім,
Сеніменен өрде басым,
Қазақтың кезем мәңгі кең даласын.
Жабығып жабырқаған сәттерімде,
Жаныма жарық берген Сен ғанасың.

Көңілім жарасады көкте құспен,
Басына баян тауып бақ келіскен.

Өлеңім,
өмірімнің өзегісің,
Аялап өтем сені, ақ періштем!

Алаштың арман құшсын арқалы елі,
О, өлең!

Бір болса сенің киең, арқаң еді.
Жеткізер жарты әлемге жүрек сырын
Жанымның жарығысың,
жалқы өлеңім!

Ақынмын өрт дауылдың ішіндемін,
Жанымыз егіз екен түсінгенім.
Өзімдей мөлдіреген мөлдір өлең
Басыма бақ боп қонған құсым менің!



**САҒЫНЫШЫМ САҒЫМҒА ІЛЕСКЕН
КҮН...**

Күзгі әуендер

1

Қаздар қайтып барады түстігіне,
Өлеңіммен саз қостым құс тіліне.
Сары күзде сарғайтқан жапырақты
Мендік жалқы жүректің ыстығы де,
Қаздар қайтып барады түстігіне...

Тәңіртаудың талықсып таңғы етегі,
Жабырқаған жанымды жарлы етеді.
Саздар ұшқан айдыннан қаздар ұшса,
Оның-дағы сағынар бар мекені,
Тәңіртаудың талықсып таңғы етегі...

Қара таппай тұратын ұрынарға,
Бұл тағдырдың беймәлім сыры бар ма?
Көз алдымда көлбеңдеп тұрып алма,
Бақыт деген сыймайды алақанға,
Уақыт деген ұқсайды зымыранға.

...Тәңіртауға қарасам күнес көрдім,
Етегінде шалғынмен бір өскенмін.
Қайтқан қаздың барады қанатында
Сағынышым сағымға ілескен күн.
Тәңіртауға қарасам күнес көрдім...

2

Осы күздің боларын
Өткенде білдім,
Көктемде білдім, жан құрбым.
Мен онда көкбелде тұрдым,
Өткелде тұрдым,
Жазуы шығар тағдырдың...

Мен онда

Бұлақтың көзінен жыр оқып,
Тау етегіне гүл ектім.
Күмбір көңілдің күйін түлетіп,
Қалауы шығар жүректің.

Жасылым көшсе –

ішім бос,
Қырларым қайда гүлдеген?
Көктемнің сырын түсінбес –
Күздің боларын білмеген...

3

Күзім менің,
Сарғайған сағымдардың ізінде мұң.
Сабағынан жапырақ үзілгенін,
Тырнарлардың мен көрдім тізілгенін.
...Күзім менің!

Сенбі күні,
Тағдырым өзі айтады ендігіні,
Жанымның күй тартады шерлі мұңы.
Қараша, желтоқсанның желді күні...

Төбемдегі Ай,
Қарайлай қоймайтындай төмен қарай.
Өзекті жарып шыққан өлеңде арай,
Білмеймін келем қалай?

Далада күз,
Біздерден де бір күні қалады аңыз.
Сағынышқа айналар самаламыз,
Сенен жақын жанына таба ма қыз –
Сары ала күз?..

ТАҒДЫРЫМ...

Дей алмаймын көп білемін, көп көрдім,
Арманыма адалдықпен өктеммін.
Көпке түсер жарығымды таныдым,
Жастығымның жанарынан от көрдім.

Елге түзу болса-дағы сәлемім,
Өзгелерге түсініксіз әлемім.
Дірілдеген жапырағы жанының
Жаратқанға жалбарынған жан едім.

Болса да өмір арты жеңіс, алды мұң,
Өлеңімде елім жайлы қалды үнім.
Тылсымымда жатыр менің қазынам,
Жырлар салған маңдайдағы тағдырым...



АҢСАУ

Ақ дүние.

Сырларым Айға анық,
Көздерім еріксіз байланып.
Аққу боп көліңізде,
Қалықтап көгіңізде,
Арман жоқ ұшсам шіркін,
Ақ қанат құсыңызға айналып.

Құсжолының

жолағын танып алып,
Бұл мекеннің таңы жарық...
Сіз іздейтін адалдық боп,
Адалдықтан жаралдық деп,
Әппақ құс боп ұшсам деймін
Қанатымды бұлттарға малып алып.

Қызығына

сол күннің бөленетін,
Сізден ап өлең отын.
Өзенді арқыраған,
Жанарында жарқ еткен жарты ғалам.
Осылай бәрінің де
Сіздің көзбен көрер ем кереметін.

Жырмен орап

тіршіліктің толғағын,
Сізге өлең жолдадым.
Ар боп туған сағыныш боп,
Жүректерде жарылыс боп,
Көктеміңіз көктеп тұра берсінші,
Құсыңыз боп қалықтасам болғаны...

P. S:

Жанарында

сан тылсымдар тұнатын,

Аққу жайлы жазып еді бір ақын.

Кеңістікке байланып,

Содан бері мен сол құсқа айналып

Кеткім келді,

Кешкім келді ғұмырын

Аялаудан тұратын.



СҮЛУ ЖЫР

Жаңарып көкте сұлу жыр,
Нұрыңмен мені жуындыр.
Болмасаң өзің жанымда,
Ертеңім менің бұлыңғыр...

Жаралған ғажап сыр үшін,
Өлеңмен шығар тынысым.
Күн кешкен мына тірлікте,
Өлеңсіз күнім құрысын!

Кетпейді жырлы таң естен,
Сөзінен тылсым ән ескен.
Өлеңім – құрсақ бауырым,
Толғатып туған нәрестем!

Бақытым, байлық барымсың,
Жүгімді артар нарымсың.
Өлеңім – тектім, адалым,
Дар алдындағы арымсың!.



Мақпал Мыса

Мен де бір өмір кешем,
Ерке еліктей елеңдеп елімде өсем.
Сәулесіне шомылып жарық күннің,
Жанарыңда келеді жанып тұрғым...



* * *

Тұра ала ма
жүрек шіркін, дiр етпей,
Жыр жазайын,
жанымды еш жүдетпей.
Қуанышым күлiмдейдi, ал мұңым
Есiледi жiбектей...

Жабыққанда жанарыма мұң тұнып,
Жанымда бар сiзге айтар сыр тұнық.
Оңашада ой кеземiн от болып,
Жыр жазамын түн тымық...

Жағып қойып жастығымның алауын,
Желбiретiп жанымның жыр жалауын.
Тәуекел деп қарсы жүздiм ағысқа
Бөлкi осы қалауым...



АНАЛЫҚ МЕЙІРІМ

Аналық ақ жаныммен
Тілекті тілеп жер көктен.
Әуезге толы әніммен
Бөпемді бөлеп тербеткем.

Өмірдің ашып есігін,
Күн шықты әне биіктен.
Кең дүние – алтын бесігім,
Төсімді менің иіткен.

Ана боп міне үлгердім,
Толқыны көңілім теңіздің.
Өгейлік көрген күндерді
Келеді менің емізгім.

Сүйгізді шексіз өмірді,
Жанарымда тулап күн.
Жетімсіреген көлімді
Келеді менің жұбатқым.

Жығылмасы анық туымның,
Қажытар енді нендей мұң?
Ақ маңдайлы ұлымның
Ақ бесігін тербеймін.

Шаттыққа мен мың ұйыдым,
Бағым деп танып баламды.
Аналық, қайран мейірім
Тербетіп жатыр даламды.
Тербетіп жатыр ғаламды...

КӨКТЕН ТІЛЕЙІН...

Көктен тілейін,
Көктемім көгерсін деп,
Күнім нұрға бөленсін деп.
Тіршіліктен нәр алғаным,
Рас болса жаралғаным,
Тыныс алып жеңіл леппен,
Сұрарым көп менің көктен –
Тірлігімде қалар мәнің,
Орындалсын сан арманым.
Жымындаған, ей, жұлдыздар,
Мен де өзіндей жанар жанмын.
Алатаңның шапағынан,
Ақбастаудың сақалынан
Сипап өскен балғын едім,
Тербетті олар қалғып едім.
Сондықтан да сұрарым көп,
Айың болып туамын деп
Кім ойлапты, қанат қағам,
Көктен сұрап тағат табам.
Бар асылын жер ананың,
Береріңе сене аламын.
Киік күнін кереметтің,
Бергін солай терең еткін.
Сезінбесем жер жаннатын
Қандай жырға бөлемекпін?!
Тырс-тырс тамды себелеп күн,
Өр үніңе елең еттім.
Алып дүние, аш кеуденді,
Арманым бар сені мәңгі
Келіп тұрад өлең еткім!
Керемет күн!
Керемет күн...

БАҒЫМ БАР

Тау-тасым, орман, көлім бар,
Тектілік тұнған төрім бар,
Самғаймын десем көгім бар,
Шығамын десем өрім бар
Десем де,
 ...іште дертіммен,
Сарынға сарсаң толы үн бар...

Жалынды бойда жастық бар,
Жастықпен бірге мастық бар.
Адалға жақтас жасаумен
Аңдаусыз мені аш қыпты ар.
Тебіренген тұла бойымда,
Тексізге деген қастық бар.

Жақсыға созар қолым бар,
Қай жерден болсын орын бар,
Арысты қуған жолым бар,
Бабадан қалған сол үн бар.
Десем де,
 ...сортаң тірлікте,
Маңдайға жазған сорым бар...

Жанайқай салған жаным бар,
Кезім бұл менің жалындар.
Айтатын жанға зарым бар,
Қиқуға мәңгі салындар,
Осылай тірлік кештірер
Баянды күнде басыма
Өлең боп қонған бағым бар!

БЕЙҚАМДЫҒЫҢ

Жанарыңа самала сыр боп тұнғам,
Гүл қауызын ешкімге ұрлатпаған,
Тылсымыңның тынышын алып жайнап,
Жауқазындай кеудеңде гүл боп тұрғам.

Ала таңым арманды айғақтаған,
Жаныңа жақындамай жайлап барғам.
Қараңғыға қашқанда қамалып ап,
Алдыңда аласармай Ай боп туғам.

Сырыңды мен ұққанмын жан ұқпаған,
Көзінде көлеңкеңдей қалып барам.
Түлкідей тұра қашқан сәттеріңде,
Көгіңде қыраның боп қалықтағам..

Тұрса-дағы көз көрмей, тіл байланып,
Көз ұшында жоғалдың түннен ғайып,
Желмен ұшып кеткенде, тас төбеңнен,
Жарқырап шыға келгем күнге айналып.

Бақыттың баяндысы қауышумен,
Тағы келіп, жалт бердің тау ішінен.
Талайды тамсандырған тамаша құс
Бұлбұлдың сайрағанмын дауысымен.

Дүние жалт бергенде сызданарсың,
Артыңа кең бұрылып бір қарарсың...
Тірлікте бар бағамнан бейқамдығың
Көзіңнен көл боп ақсын, құрғамасын.

ӘУЕЛІ ҮН

Қалықтап әуенің,
Өзгеше – әуелі үн...
Аспан да, мен де ояу,
Жер де ояу, жел де ояу,
Сырлатқан, жырлатқан,
Бақытым мәуелім.

Көтерді көгіне,
Шыңдардың өріне.
Ән салдың – тамсандым,
Әнге еріп жар салдым,
Ақбаян орнадың,
Жүректің төрінен.

Әуеле
Әуенді түнгі леп,
Онсыз да күйбің көп,
күңгір көп...
Тілекте жүректе,
Әуелі үн,
Жүре бер күмбірлеп.

Жер мекен
Үстінде от,
Көз салдым көгімде
Ізіне құстың көп.
Айналшы өлеңге,
Төменге...
Әзірше түскім жоқ.

АНАШЫМ

Анашым,
Гүлдей нәзікпін,
Кетіпті азып күн...
Балалық, шалалық
Мүлт кетіп өмірден,
Нелерді аз ұқтым?

Анашым,
Мұңлы ойға жегілдім,
Несіне егілдім,
Жанымда от, жара көп...
Қайрылды қанатым...
Жеңілмін.

Анашым,
Жарасу жалған ат,
Құлының қай енді
Тағдырын таңдамақ?!
Жан ұғар,
Сағынар
Кімің бар
Жатса да күн түтеп, қар борап.

Анашым,
Жанымды жасыған,
Жұбатсаң басылам.
Ана боп, пана боп,
Өзіңдей тебіреніп,
Ұлымның еміреніп,
Сыйпаймын басынан.

ЖАЗМЫШ СОЛ...

Дүние...
Өтіп жатыр кезегімен,
Кезегімен әйтеуір безерумен...
Осы деп ем жанған бағым,
Жылап жатыр армандарым.
Тістеленген...
ернімді кезерумен,
Аңсаймын
Кездерді кеше күлген?!
Кербез дүние кері тартып,
Қайтарды меселімнен.

Демегін
Тірлігінде асқаны деп,
Баянсыз бас қамы деп.
Айналып жан ашуға,
Жарасу адасуда.
Ұғысу бойламапты,
Дүние-ай, кім ойлапты?
Жанымды жас қайғы жеп.
Екіге тағдыр бізді
Айырып тастайды деп.

Қағады
қалтырап жай қанат күн,
Кетсе екен тайғанап мұң.
Келмейді
Туралып жүз кесілгім,
Кешіргін, мен кешірдім.
Уақыттың бізге берген
Өзірше бағы мынау –
Екеуміз айыптымыз,
Жазмыш сол...
жарығым-ау,
Сені ойлап арыдым-ау...

ЖҰБАТУ

Жасыма, жігіт, жасыма,
Қиын іс түссе басыңа.
Есею деген осы екен,
Ақылың жолдас қасыңа.

Көңілді, жігіт, жасытпа,
Жігерді уатып тасытпа.
Өмірің алда, жастай боп,
Соқпағыңа асықпа!

Бересің жаси қай мұңға,
Керемет күндер алдыңда.
Кейіме, жігіт, кейіме,
“Керенау тартқан тағдырға”.

Жанарда жасты тірелген,
Тастағын іркіп біреуден.
Өмірден анаң өтсе де,
Қалатын сенсің, жігерлен!

Уайымға сарсаң салынба,
Дүниеден безіп тарылма.
Жалында, жарық бола біл,
Бойыңда отың барында!



ӨМІР АСУЛАРЫ

Қызылмен бояп аспанның көк сұр етегін,
Тастаса күн мың...

тұңғиық ойға кетемін
Түсіне кетсем удай боп ішім ашиды,
Өмірдің мынау өткінші жаңбыр екенін.

Күн батты, міне,
таңдарым тағы атады,
Сарғайып өткен күндердің көңілі қапалы.
Арманмен асау аттанып кетсең бір жаққа,
Ойпаңдар небір жолыңды тосып жатады.

Көз алдың түнек,
қолыңды білеп күресіп,
Кетесің қиын өмірмен шындап тіресіп.
Ертегі жырдың еріндей болсаң азулы,
Ашылар сонда бір есіктен соң бір есік.

Қатеріне алып басыңды жығып тік мейлі,
Қиындығына тізеңді жығып бүк мейлі.
Қарап тұрсаң басы жұмыр пенде үшін,
Өмірдің еш қиындығы бітпейді.



ЖАЗҒЫРМА

Туыпты жаңа ай тағы да,
Отырмын жабыға, жалыға.
Өлеңдей жалғызды бір Аллам
Сыйлапты бұйыртып бағыма.

Тұтқын боп отырмын үйімде,
Жабыққан, торыққан күйімде.
О, өмір, өтінем бір сенен
Қара бұлт басыма үйірме!..

Жек көрмей бәрін де құшаққа ап,
Жүруші ем, барамын ұзақтап.
Адамдар, о, неткен, сұмдық-ай,
Жандарын жіберген ұсақтап.

Жағымсыз қылықпен арбасып,
Келеді күндерім жалғасып.
Биікке шығам деп тырмысып,
Сан өмір келеді жармасып.

Адалдық бойымда орнаған,
Тек жақсы тілекті жолдаған.
Қашанда қым-қуыт шақтарда,
Ақылым арымды қорғаған.

Сан неше аттаған қадамның,
Ізіне ойлана қадалдым.
Жазғырма, сен мені қатал деп,
Ертеңін ойлайтын адаммын.

БІР ТӘТТІ МҰҢ...

Құямын деп жүректен жыр шоқтығын,
Өтті ғой мазаң оймен құр көп күнім.
Бір сағыныш кеудемді тырмалаған,
Ілгізбейді кіршікті, бір жоқ тыным.

Не істеймін,
не істей алам міне тағы,
Жүрегім қалам, қағаз сұратады.
Көңілімді қалқытып көк аспанда,
Көзден көлді ағызып жылатады.

Еңсеріп ақбастауды құшаққа алам,
Өз тағдырым байқасам сызат маған.
Мен өзі күннен-күнге не боп барам,
Мені бұлай көп мұңға ұзатпаған.

Ұзамай-ақ жанымнан ақырғы үміт,
Тәтті мұңым кетеді ақылды ұрып...
Мына өмір, кім білсін, мендей жанды
Жіберген бе жылаңқы ақын қылып?!

Әр таңымды жүрегім сұрақ қылып,
Жібермейді неге екен қуатты қып?
Жанның нәзік гүлімен қиналсам да,
Өмірімді сүйемін жылап тұрып!



АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Жасырып жанның жылауын,
Демім бітті, тұншықтым.
Мүмкін, Тәңірім, сынауың,
Сау жерім жоқ, быт-шытпын...

Қырау түскен әйнекке,
Жанарымды жасқаймын.
Қуанам несін әй текке,
Кетердей үркіп бас қайғым...

Таңдарды талай атырдым,
Көңілім солай жасымақ.
Жия алмай қайта отырмын,
Бағымды үнсіз шашып ап.

Соры боп келіп маңдайға,
Жазылып кеткен жазу ма ең?
Жүрегім жасып қалған ба,
Батыр ем, шіркін, азулы ем...

Жанайқай салып жалғанға,
Тірі боп жүрмін өтірік.
Алданып қалып арманға,
Өткенге жүрмін өкініп.

Меңіреу дала...
Күн тымық.
Күйікті іштен, жан, ақтар.
Желге ұшып жатыр жыртылып,
Шимайға толған парақтар...

АТАМ БАР...

Сөйлегенде
сөзден май тамыздырған,
Атам бар ісін елі аңыз қылған.
Даналығы сол қарттың дарыды ма,
Жаралыпшын мен де бір қауыз жырдан.

Шешен сөзге жетеді ептілігі,
Ол дағы бір өулеттің өткір ұлы.
Тоқсанда нар жігіттей тұлғасы бар
Қанымда сол кісінің тектілігі.

Өмірдің аласын да,
Құласын да,
Көргені көп білері расында.
“Алламның маған берген шапағаты,
Көп жасаудың мен білем сыры осыда”.

Дейді атам
малданба еш бақ тағыңа,
Алғысы келсе алар Хақ тағала.
Көзіне жасын алып алаңдайды,
Сақ қарап аманатын сақтауыма.

...Ішінен аман шыққан көп дүлейдің,
Атамды арым деймін,
Текті деймін.
Қасиеті біздің қара шаңырақтың,
Кетпесін сол кісімен деп тілеймін!

СҮТТЕЙ ТҮН...

Сүттей аспан, сүттей тұнық көңілмен,
Мен де бөлкі періште боп көрінгем.
Ымырттан соң түн келеді қараңғы
Менің қара шашымдай боп төгілген.

Сүттей түнде сүттей тұнық ақ арман,
Мөлдір тамшы ыршып түсер жанардан.
Тірліктің де тоқсан тарау жолдары
Менің қара шашымдай боп таралған,

Тіршіліктің құяр кезде қалыбын,
Тербетсін деп түнді қойды ау тәңірім.
Шабытыма шырақ етсем қайтеді,
Жарқыраған жұлдыздардың жарығын?..

Бағың ашар бақытыңның құт кейпін,
Өмір кейде ән секілді бітпейтін...
Қанатынан сәуле дейтін бір құстың
Сырғып түсіп бара жатты сүттей түн.



ІЗДЕП ЖҮРГЕНІМ

*Аллаға деген құрметің болсын ерекше.
Саған өмір беретін де, саған қасиет
дарытатын да, абырой әперетін де бір
Алла тағала. Ақыл берді дұрыс өмір
таңдасын деп, жүрек берді жақсылықты
сезінсін деп.*

Дүниеге келдім бұйыртып дәмі жалғанның,
Жүріппін біраз жетегінде көп арманның.
Іздеген адам қашанда жолын табады-ау,
Бір сәуле іздеп сары аяз күнде сандалдым.

Адастым,
күйдім,
өртендім дүние ісіне,
Жаныма батса бастаймын аздап түсіне.
Махаббат ыстық сезіммен бізді жаратқан
Не жетер дейсің Алланың ғажап күшіне?!

Жер басып жүріп үстінде қапас тірліктің,
Күндердің күнін кейінге қарай сырғыттым.
Алдыңда Алла ұмытып жүрміз жасайтын,
Мәнісін білмей құлшылық етер құлдықтың.

Қасиетін білмей дін тірек айбын тұнықтың,
Жүрістен қамсыз ойымды ерте буыппын.
Құдайға сену ойымда рас болса да,
Көбірек сеніп адамға ылғи жүріппін.

Күніміз өтті наданға жаман жуық тым,
Мейірім деген сезімді қатты суыттым.
Ақылдың көзін қара тас қылып
байлап ап,
Жетім жүректі қараңғы көрге тығыппын.

Періште жолы айнымас таза ақ екен,
Адамнан гөрі Аллаға олар жақ екен.
Нұр іздеп жүрмін қараңғы түннің ішінде
Іздеп жүргенім – Алланың жолы хақ екен...



МЕДЕТ

Өмір ағып барады толқынымен,
О, Жаратқан, қиналдым сол күні мен.
Медет сұрап өзіңнен тілек тілеп,
Адалдық ата-баба жол, тілімен.

Адалдық арым таза ақ болғанын,
Тілеймін басымызға бақ қонғанын.
Еңбекпен жетсем деймін бар мұратқа,
Жан сырым алдыға кеп ақтарғаным.

Жаратқан, бір сенгенім алыстағы,
Құлының ауыздықпен алысқалы.
Келеді аламаннан арай тілеп,
Өмірдің бітпейді екен жарыстары.

Ойым жоқ қатарымнан бөлектенбек,
Толқыса толқындарым себептер көп...
Айдынға желді күні қайық салдым,
Сұраймын Жаратқаннан медет бер деп.



АҚПАНЫМ...

Ақпан ба, ақпан?..

Аяулы менің ақ айым,
Өзіңе ұқсап көңіліңді сенің табайын.
Аяулы айы қыңыр мінезді қысымның,
Адалдығыңды қалайын...

Ақпандар жайлы арада ғажап жүр аңыз,
Білгіңіз келсе, сырым бар келіп сұраңыз.
Ақпанды сүйген аяулыларың мен едім –
Ақ бөрік киген құба қыз...

Өмірден мынау мәңгілік нені таппақпыз,
Айнала мынау ақ әлем тұнған аппақ қыс.
Ақ ұлпаларым аймалап жатты мені үнсіз,
Көргенім менің – аппақ түс...

...Ардағым болған аялы аппақ саябақ,
Ақ қарды сүйген сезімім де баяғы ақ...
Ақ өлең жазып

періште құсқа жолдадым...

Армандарымды аялап.



* * *

Тілеу тілеп жалбарынсам келерсің,
Құлыным деп әркез желеп жеберсің.
Жаратқаным, махаббатым сіздікі,
Шапағатыңа шексіз мені бөлерсің.

* * *

Араға салып уақытты
Арманды берген тым алыс.
Бізді еткен шексіз бақытты
Жаратқан, сізге мың алғыс!

* * *

Армандарым ай нұрындай көрінген,
Өмір, өзің шығара көр өріңнен.
Шыңға қарап шырқау биік көргенде,
Найзағайға қамшы болып өрілгем.

* * *

Жаным бүгін бір сезімді сезеді,
Қуаныштың күтіп тұр ма кезегі?!
Өмір деген сан тартыстың ортасы
Өртеніп-ақ жүред менің өзегім.

Әр адамның өмірде өз құны бар,
Тек өзіне тиеселі мұңы бар.
Мына менің көкірегімде күмбір күй,
Қобыз салған сарын толы үні бар.

Ұмыттырды кешкен тірлік үй қамы
Тәңірімнің маған берген сый таңы.
Көптен бері қашып кеткен шабытым
Бүгін аяп басымнан кеп сипады.

Кешегі күн
дірілдегем,
тоңғанмын,
Бүгін сірә, толған айдай толған күн,
Өлең, өзің бауырыңа алып сүйгенде,
Күнім қайта ашылғандай толғандым...

* * *

Жабырқатты мына жаз жанымды илеп,
Жүрегімді күйдірді жалын күй кеп.
Арайыңды алқа етіп жолға шықсам,
Көз алдымда барады сағым билеп.

Тірлік, сенің керуен көшіндемін,
Жеті өзеннің желпиін жесір желін.
Ақ бұлағың алдымнан ақтарылса,
Өлеңіме сол әуен көшіргенім.

Мендік ғұмыр ақындау менен гөрі,
Елік көңіл сәт сайын елеңдеді.
Мен өлеңді жазбайтын секілдімін,
Жазып жатқан секілді Өлең мені.

Толқынымды қарсы алсаң өткел беріп,
Көздеріңнен кетейін көктем көріп.
Қара өлеңнен мойныма тұмар тағам,
Қара түннің қойнына кеткенде еніп...



ЖЕРІДІМ

Дар кеудеме сыймайтындай өмірім,
Аңғалдықпен шығар болды тек үнім.
Жемтігіне айналмасын арамның
Адамдарды жатсынбаған көңілім.

Тілеп тұрып жолыңа ұзақ сәт-сапар,
Қарғыс айтып тар пиғылмен тасты атар.
Көреалмастық қызғанышпен қарайып,
Аңдып келіп аяғыңды ақсатар.

Еркінсіген ермекке сап ерігін,
Күңкілдердің күңірсіген кері мұң.
Еселерін есінен еш шығармас,
Күншілдіктен, күншілдіктен жерідім!



ЖҮБАТУ

*(Көпірқұрылыс кезінде қаза тапқан
қапшағайлықтардың отбасының
қайғысына ортақтасу)*

Боз тартып дала үнсіз атырабы,
Қайың-талдың еңкілдеп жапырағы.
Ажал алып ұлдарын аналардың,
Жүрегін неге мұңға батырады?!

Ажал тағдыр осынша дүлей ме еді,
Қуырып жан-жүректі үрей демі.
Кеше жүрген жандарды о дүниелік,
Деп айтудың өзі қандай үрейлі еді!

Аяқасты жаза деген сертін ұқшы,
Өмірдің тағдыр жазған дерті күшті.
Оралмайды асыл жандар ешқашанда,
Деп ойлаудың өзі қандай қорқынышты!

Асыл жарлар, аналар, жыламаңдар,
Көздің жасын көл қылып бұламаңдар
Жақсылардың әруағы күңіренбесін,
Сізге амандық тілейді ол адамдар.



САРЫ КҮЗ

Жанымның жарығын іздедім,
Түн қатып түнерген түнектен
Сары күз, сап-салқын күз бе едің,
Бар саған ежелден бір өкпем.

Қыз күннің қызарып батқаны,
Нөсерін көк аспан төккені.
Бетіме лақтырды батпағын,
Кеш келген күзімнің өткені.

Сұрықсыз талдарың самсаған,
Жанымның күйреген бағындай.
Бағымен жаралса барша адам,
Өмірден өтсе ғой жаңылмай.

Сары күз, несіне тондырдың,
Ішінен таңдап ап сан гүлдің.
Есейсін дегенің болар-ау,
Татқызып ащысын тағдырдың...



ЖАН ДОСЫМ

Сын сәттерде тек жанымнан табылар,
Шет жүргенде шын көңілмен сағынар.
Өмірімде болғанына мұндай дос,
Жан екем ғой бағы бар!

Көңілі таза сөзінен-ақ білінер,
Жолдасының жағдайына үңілер.
Риясыздық қасиеті бар ол достың,
Елпең қағып жүгірер...

Тек жылулық сыйлар оның берері,
Ізгілік ол өмірдегі сенері.
Дос сөзінің мағынасын ұқтырып,
Жақсылығын аямай ол келеді.

Дос жайында ғажап енді айтам ән,
Досым барда мен бағымда жайқалам.
Жаны ізгі, көңілі шуақ сол қызды
Жан досым деп айта алам!



ЖҰМАҚ СӘТ...

Неге менің шашырады ойларым,
Тұрақ таппай мазамды алды ойдағым.
Тыншымады жүрек тулап сандалды,
Ойлауымды доғармадым, қоймадым.

Жан ауырды,
мен біртүрлі жыладым,
Осы ма еді деп өмірге сынағың.
Самал жел кеп тербегендей дем берді,
Көтергендей болды тылсым бір ағын...

Сезгендей боп көктен алып жарықты,
Кереметін сол ғажаптың жан ұқты.
Көз ілеспей көкке самғап кетіппін,
Үстел үсті...
денем жалғыз қалыпты...

Жұлдыздарға қарсы жүздім пішінге,
Бұл көргенім өңім бе, әлде түсім бе?!
Не де болса бұл керемет, бұл жұмақ,
Мені, Тәңір,
жерге қайтіп түсірме!



АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ БӘРІҢЕ!

Шуағын төккен күніме,
Жұпарын сыйлар гүліме,
Табиғат таңым арайлым,
Жасырған сырын түніме,
Алғысым шексіз бәріңе!

Тауыма асқар, көгіме,
Теңізім, мұхит, көліме,
Қуаттап қолдар сендерсің,
Өмірдің шықсам өріне,
Алғысым шексіз бәріңе!

Лағындай болып еліктің,
Қиындықтарды жеңіппін.
Осының бәрін көруге
Адам боп мен де келіппін.
Алғысым шексіз бәріңе!

Жап-жасыл бағым көрігім –
Қуаныш толы өмірім.
Үзіліп түскен жапырақ –
Біреуден қалған көңілім,
Алғысым шексіз бәріңе!

Тебіrentкен жанды теңіз ғой,
Айтары ақын лебіз ғой.
Табиғат сынды әлеммен
Адамның жаны егіз ғой,
Алғысым шексіз бәріңе!

АНАЛАРҒА ОСЫ ҮЛГІ

Перзентхана.

Қайраттанып күн бүгін,
Айқара ашты көлеңкелі түңлігін
Сәби келді дүниеге шыр етіп,
Масаң жүзі қуанышты ұлдының.

Ұлым келді деп дүниеге жар салды,
Қонақ етер бүгін ол бек баршаңды
Әке атанған мына күнді ерекше,
Атап өтіп атқан таңға тамсанды.

Шарықтады жас әкенің көңілі,
Жүрегінің соққандай боп бөлігі.
Бір әкені бақытты етті шексіз қып,
Жаңа туған періштенің өмірі.

Бір жаралы таңдай болып атпай қап,
Бір жас сәби бұл өмірге жаттай боп,
Жылап жатты бесігінде булығып,
Анасына керек болмас заттай боп

Тастап кеткен жігітіне кек бөлек,
Қыз жылады тағдырына өкпелеп.
Жүрегінің тұсына сап көтерген
Ана қалай перзентінсіз көктемек?

Жүрегінен күндерді азап өшірді,
Төтеп беріп қиындыққа өсірді,
Аялады, аямады ұлынан,
Аналарға осы үлгі!

Бала жайлы аналар сөз қозғасын,
Бастайықшы бала жайлы сөз басын.
Сезінбеген әкелерді тасжүрек,
Нәрестенің жібермейді-ау көз жасы...

**ТӨҢІРІМНЕН ХАБАР БЕРІП ТҮР МА
ЕКЕН?!**

Өмірімде шалажансар күнім жүр,
Жазылмады көптен бері құлын жыр.
Өзгелерге түсініксіз өлеңім,
Саған ғана айтылатын сырым бұл.

Жабырқатар жанның сол бір кеселі,
Маңдайдағы күнөларым бес елі.
Бүгінімнің берекесін қашырды,
Өткен күннің өкініші кешегі.

Не сұрайсың, не күтесің сен менен,
Жапан дала...

жалғыздықпен сенделем.

Алла деген ақиқаттың алдында,
Өзге түгіл өзіме де сенбегем.

Қорықпаймын бұрынғыдай қарадан,
Есім ауса ессіздікке бара алам.
Балакүндік жанарым да тас бүгін,
Қайыршыға қайырыммен қараған.

Түсіме ылғи шал кіреді қосынан,
Сөйлей алмай ышқынамын тосылам.
Жармақ болып аш қасқыр да ұмтылды,
Айдалада жемтік іздеп жосыған.

Шоқтай көзі жанарыммен байланып,
Қуаттанып мен де тұрам жайланып.
О, Төңірім,
сол мезетте алысам,
Адамдығым аш қасқырға айналып.

АҚЫН КӨҢІЛІ

Ақ қардай аспақ
болады ақын көңілі,
Дауылы тұрып
өтсе де жиі өмірі.
Адамның жанын айтпай-ақ бірден түсінер,
Жұртының қалар есінде өлең көрігі.

Бағына ақын
көбелек әсем қонар мың,
Жақсылық сыйлап,
ізгілік сыйлап сонар күн.
Пендеге лайық басқалай кешер тірлікте,
Зәредей жаман ойлары жоқ-ау олардың.

Оларға бақыт
тамсанып жырлау айды да,
Оларға бөтен
бола алмайды қайғы да.
Ақын деген жыр әкелді әп-сәтте,
Күн нұрына алақанын жайды да.

Ақ қардай аспақ
болады ақын көңілі,
Дауылы тұрып
жатса да жиі өмірі.
Адамның жанын айтқызбай бірден түсінер,
Халқының қалар есінде өлең көрігі.

КЕШІР, ӨМІР!

Кешір, өмір...
Кеш білдім қадіріңді,
Көтердің нардай болып ауырымды.
Сан айналып соқса да құйын тағдыр,
Сақтап келдің сары алтын сабырымды.

Кеткен шағым
ойлардан азып бүгін,
Жараланып қиналды нәзіктігім.
Мүмкін менің тумыстан әйел болып,
Жаралғаным үшін де жазықтымын?..

Көзіңнен
нұр сәулені үзбе дей ме,
Тұнжырап ұқсап кетсем күзге кейде.
Қуаныштар секілді ойнап күлер,
Өзіне мұң да туыс іздемей ме?..

О, өмір,
түссем де мен талай мұңға,
Тірлігіңді кешуге жараймын ба?
Қайда кетті самала сәттерім-ай,
Аққуы болып жүзген ақ айдында.

Ей, өмір,
сыр жасырмас балаң едім,
Демеймін нұрын қимас сараң едің.
Бақаның бағын қайтем күлкі болар,
Сұңқардың сорын берсең жарар едің...

* * *

Қартаймас деген сөз бар анасы бар,
Бұл сөзге кімнің қандай таласы бар?
Арқасында ананың ақ жүректің,
Сәбилердің алдынан таң ашылар.

Әке деген алдыда асқар тау бар,
Орындалар ол барда басты армандар.
Сүйенерің сенгізіп жүре берсін,
Тағдырдың талайынан жасқанбаңдар.

Бала үшін ананың көз ілмесін,
Қадірін біліп сақтап өз іргесін
Ұрпағы текті елдің тебіреніп,
Ананың алақанын сезіп жүрсін!

Үйретіп сүйіп өс деп жеріңді шын,
Ерліктің танытатын өр үлгісін,
Баласы базарында баянды боп,
Жақсылығын әкенің көріп жүрсін!



ӘЛДИМНІҢ ІҢГӘСІ...

Қуанышы секілді бұл өмірдің,
Өкініші болады екен түсіндім...
Шырқым кетті айтшы неге, өмірім,
Бақ деп сыйлап қайғыны да ұсындың.

Ана болу бақытына кешегі,
Дайындалған шат күндерім бәрі есте.
Мұңның бүгін тұр алдымда есебі –
Туыла сап шетінеді нәресте.

Заңы ма екен бұл тағдырдың кім білсін,
Күлдіріп ап жылатқызған ғұмырым.
Сүйіп едім қыз баланы бүлдіршін,
Қимапты өмір дем алысын сыбырын.

Ұмытпас ем есейткізген таңымды,
Жыламас ем, егілмес ем титтей де.
Бәрінен де қинайтыны жанымды –
Ботақаным кие алмаған ит жейде.

Саналатын бұл дүниенің қымбаты –
Сәби даусын барлық әлем тыңдасын.
Әкесінен аумай қалған сымбаты,
Мен сағындым әлдиімнің іңгәсін...



ЖЫЛАМА, ЖАНЫМ!

Жығылып туың жатса да,
Жылама, жаным, жылама.
Жаныңа қайғы батса да,
Әлсіз боп, жаным, құлама.

Шеше алмай тағдыр шырмауын,
Құлаған, сірә, аз ба адам?!
Ақын да сырлы жырларын
Уайымсыз, мұңсыз жазбаған.

Көп болды сенің өттеңің,
Адам білмес кешпей тер.
Тағдырдың қиын сәттері
Адамды осылай есейтер.

Балғындығыңды былғайды,
Шуақты жүзің жоғалды.
Бәрінен де қинайды –
Егілген жаныңа обалды.

Жылама, жаным, жылама,
Алдасмас сені арман бар.
Көзіңнің жасын бұлама,
Көретін әлі таңдар бар!



ҰЛЫМА

Мен бақытты анамын,
Ұлым келді өмірге.
Бағын берген баланың,
Ризамын Тәңірге.

Құрсағымда жатқанда,
Ұл болсын деп тілегем.
Ел қиналып жатқанда,
Батыр болсын білеген.

Қыран болсын қанатты,
Алысқа көз байлаған.
Өн айтуға жарапты,
Бұлбұл болсын сайраған.

Жүйрік болсын тұлпардай
Тауға қарай желгесін.
Дәрігер боп бір талмай
Балаларды емдесін!

Шауып жүріп құлыным
Жетістікке жетсін тек.
Мен тілеймін Алладан
Жан ботамның өмірі
Еш уайымсыз өтсін деп!

ДОСЫМ ӨСЕМГЕ

Қойғызбай жандарды еркіне,
Талай жүр көз тастап көркіңе.
Сен жүрсің өткенге шырмалып,
Өртеніп өкініш өртіне.
Жаныңның жарасы сыздап жүр,
Шипа ем таба алмай дертіңе.

Арусың, асылсың, нәзіксің,
Жұртыңа ғұмырлық азықсың.
Сезім жыр мөлдіреп мінекей,
Өлеңді өрнектеп жазыпсың.
Мәңгілік мекенге құт берер,
Ел үшін қағылған қазықсың.

Керексің, жаным-ау, жалпыға,
Байлығың дәстүрің, салтыңа.
Керексің кемелін кеңейтер,
Жыр сұрап оянар халқыңа.
Ертеңді бар қылар болашақ,
Өлеңді жаза бер талпына!

Сен – Ана, нәзік жан Хауасың,
Мұң түссе нәсер боп жауасың.
Заңдылық – сендейлер қиналар,
Таба алмай дертінің дауасын.
Мен білем әйтеуір – сен әлі,
Өлмейтін жырларды жазасың!

ТУҒАН КҮНГЕ ТІЛЕК

(Әйгерімге)

Айналайын, ақ маңдай керім күнім,
Саған мәңгі ұсынсын өмір гүлін.
Туған күнде өзіңе бақ тілеген,
Осы өлеңім ұсынар көрімдігім.

Қуанышқа кенелтсін ғұмырың шын,
Көк аспанның жолында күні күлсін!
Жақындарын әрдайым жадыратар –
Ақкөңіл жан, керім қыз сіңілімсің.

Гүлдеріңді күндерің солдырмасын,
Күздің қара суығы тоңдырмасын.
Арманыңды аялап жолға шықсаң,
Алатаудың асқары қол бұлғасын!



НАУРЫЗ КЕЛДІ, ӨН КЕЛДІ

Наурыз келді, өн келді,
Даламызға сән келді.
Жер – Анамыз бусанып,
Көктеп гүлін көмкерді.

Шуақ шашып арай күн,
Мезгіл бұл біз қалайтын.
Бастауы деп ырыстың
Жаңа жылға санайтын.

Наурыз думан, наурыз таң,
Шырқалады бар ізгі өн.
Көктем күйі көңілдің,
Көктен нұрын жауғызған.



СЕН БАРСЫҢ

Тағдырымның тереңінде сен барсың,
Ойларымның елегінде сен барсың.
Өмір жайлы бар ұғымда сен барсың,
Жүрегімнің жарығында сен барсың.

Жарығымның жанарында сен барсың,
Жастарымның тарамында сен барсың.
Күндерімнің сырларында сен барсың,
Түндерімнің мұңдарында сен барсың.

Өмірімнің ажарында сен барсың,
Көңілімнің базарында сен барсың.
Сезімімнің қалауында сен барсың,
Сағыныштың алауында сен барсың.

Көзімнің ақ, қарасында сен барсың,
Дүниедегі бар асылда сен барсың.
Өмірімнің өрлеуінде сен барсың,
Өлеңімнің өрнегінде сен барсың.






Үшінші бөлім

ҚЫЗ БҰРЫМЫ

*Күндер де зулап барады,
Көктегі күндей көңілім.
Үйлесім тапса жарады –
Қыз бұрымындай өмірім!*



ҚЫЗ БҰРЫМЫ

Жырымнан ізде даралық,
Көктегі күн боп көрінген.
Қыз бұрымындай таранып,
Қыз бұрымындай өрілген.

Сезімім менің ол ыстық,
Сыңғыры аумас шолпыдан.
Қыз бұрымындай толықсып,
Қыз бұрымындай толқыған.

Жырымның жанса жанары,
Жан-дүниемнің әлемі.
Қыз бұрымындай салалы,
Қыз бұрымындай әдемі.

Күндер де зулап барады,
Көктегі күндей көңілім.
Үйлесім тапса жарады –
Қыз бұрымындай өмірім!



СЕНБІСІҢ?..

Жарқырап қарсы алайын ба,
Жаһанға жар салайын ба?
Жүрегім, қан тамырымда,
Жадырап жан сарайында,
Сен жүрсің...

Жанымды жасытпа, Құдай,
Ғаламның ғашықтарындай.
Арымның аяулы өні,
Арманға асық таңымдай
Мөлдірсің...

Найзағай жай атқан еді,
Сезімге саяқ та,
өдемі.

Отымның өшпес шағында
Ертемен оятқан мені
Сенбісің?

Серігім сағым – Айым ба?
Сабылып сағынайын ба?
Сағыныш сананы билер
Салмағай тағы уайымға,
Кел, құсым!



* * *

Саған, күнім, көңілім жүр алаң боп,
Сезімдерім аялайды самал боп.
Сағынышым сарсаң етті жанымды,
Сағынбасыма амал жоқ...

Толқын қуып түндер тұнық ағатын,
Таңды атырып жырым едің жазатын.
Төзімім де, сезімім де сенделді,
Таусылғандай тағатым...

Ардағым-ау, сен аман бол, жет Айға,
Аяулы өлең тек сен үшін деп ойла.
Армандарым арман болып қалсыншы,
Аңсағанмен не пайда?

Бағанды ұғып баттым мұңға бас ұра,
Бар кінә сол уақытта екен,
жасыма.

Бес күн жалған алақанға сыймайтын –
Бәлкі бақыт осы да...



АҚПАНДА ТУҒАН АҚЫНДАР

Ағайын, ар ма, бүгіндей ақ таңда думан,
Ақ боран түтек осылай жапқанда думан.
Мұқағалидай мұзбалақ ақын
Ақ қарда мынау ақпанда туған,

Ақпанның әні айтылып, Алматы, сенде,
Алысқа шырқау ақынды самғатып емде.
Ақынның ақпан туған күнінде,
Бір жасап тойлап қалады қарлатып ел де.

Шырқалар мәңгі шарықтап таң ұра әні,
Ақ дүниеге қарайтын ағынан
жарыла жаны,
Ақ қар мен адал ақ өлең үйлесім тапқан
Ақпанда туған ақынның бағы жанады.



* * *

Махаббатты маңызды деген,
Атамнан қалған аңызды білем.
Сүйе де алады, күйе де алады
Тек жандар нәзік жаны ізгі деген.

* * *

Салқындық кештім
сап-сары уайым күзге еніп,
Ойласам бір сәт
қос аққу болып жүзбедік.
Тағдырың жазған жазуы болар не шара,
Ертеңгі күнге үмітімізді үзбелік.

Самалын кештім
сағыныш дейтін шіркіннің,
Жүрек боп самғап
жетуге жылдам бұлқындым.
Жасырып жанның жылауын ылғи жүремін,
Өтірік күліп жүргені жаман сыртымның.

* * *

Мен сені сүйгем,
ешбір кінә жоқ менен,
Жазғырсаң қатты жаралы оқ денем.
Күйгелек болып сен үшін күйіп,
Жаңа көргендей жынды боп келем...

* * *

Отан үшін отқа түсіп күйі,
Халқы үшін шықса әркез алғы дем.
Қарындастың алдында бас июі –
Ол жігіттің жігіттігі алдымен.

САҒЫНУ

Сені ойлаумен күн батты,
Сені ойлаумен таң атты.
Қайда қалды қайырылар
Арманымыз қанатты?
Қарайлаумен өткенге,
Сағынады от кеуде.
Үнсіз жылап отырам,
Біз танысқан көктемде.

Қ-сы:

Бұлыңғырлау бұлт еді,
Содан жаным үркеді,
Сен жанымнан табылмай,
Кім жасымды сүртеді?
Сағындым мен бақтарды,
Қол ұстасқан шақтарды.
Біз адасқан сол жерде,
Арманымыз қап қалды...

* * *

Болса да тылсым кеш,
ақ айдын,
Жаралы жан етті талай мұң.
Жалғызым, жарығым, қайдасың,
Сені іздеп көзімді көгіме қадаймын.

Сыр түйгем сезімнің көзінен,
Жырақта болсаң да төзіп ем.
Жарығым жаныма от салған,
Таныдым, бар үнім өзің ең,
Қалайша өзіңсіз көз ілем?

Кешіргін кемшілік болғанға,
Сезімім сенімін жолдауда.
Сол кезде серт берсек жақсы еді,
Тайғақта, тар жолда тоңбауға!

Қым-қиғаш қылмашы,
жүрегім,
Сені аңсап соғарын білемін.
Тірлікте өзің ең тілеуім,
Тапшы сен жанымның бір емін.

Айтқаным жалғанға жанаспас,
Санама сараңдық жараспас.
Сен үшін сергелдең кешемін,
Тағдыр да таласпас.

САРЫ ГҮЛ

Үмітпенен маған сары гүл бердің,
Сол шоқ гүлден сезімді білгенмін.
Аңдаусызда танысып қап өзіңмен,
Жанарыңнан өзгеше бір күн көрдім.

Біз танысқан сол кез еді сәтті күн,
Басылмады қуанышым аптығым.
Сары гүлің еске сала береді,
Сол бір күннің сырға тұнған шаттығын...

Маған таныс жырақ жерден сыр бейнең,
Жүре берсін болып сенің күн кеудең.
Қысылмасам болды қызық түрге енбей,
Кездескенде не дерімді білмей мен...

Барып алып бармайтұғын адымға,
Орап кеттің ыстығы бар жалынға.
Сағынышпен мен отырмын, өзің жоқ,
Сары гүлің жанымда...



* * *

Сыр ашпай тыныш көз ілмен,
Тыңдашы мені, жарқыным.
Қоштасып тұрып өзіңмен,
Айтарым саған бар, күнім.

Сен жайлы әркез бастар мұң,
Қашамыз солай тағдырдан...
Қойнында жүрсең аспанның
Ай болып туам алдыңнан.

Өзіңмен нұрға бөленгем,
Сағынышымды қалай басармын?
Жабырқап жүрсең төбеңнен,
Күн болып арай шашармын.

Бағынып темір төзімге,
Махаббатымды қорғағам.
Алыста жүрген кезінде,
Желге айтып сәлем жолдағам.

Аяулы арман ерке тым,
Мен едім әсем гүлің де,
Сүйсініп өзің шертетін
Домбыраңның бармын үнінде.

Қасыңда сенсіз қайтемін,
Жоқпын ба, әлде бармын ба?
Жанымыз бірге өйтеуір,
Айтпаймын өкпе тағдырға,

Біздерде болған сан арман,
Сағынышың болып қалармын.
Моншақтай болып жанардан,
Жас болып қана тамармын...

Уақыттар жылжып, кідірмен,
Өтсе де солай мұнар күн,
Өзіңе ұнар жырыммен
Оятып сені тұрармын.



СІЗ ДЕП БІЛЕМ...

Дүниенің жалт беріп қарасы бар,
Мақтауым сіз едіңіз бар асырар.
Ұғынғаным, сезгенім жаныңызда –
Мен білетін бақыттың бағасы бар.

Аялап ардақтадың жарығым деп,
Жалғанда салған өнім, бар үнім деп.
Аққу боп ұшқан едім төбеңізден,
Айдынның арайлысын танығым кеп.

Айдынға қона кеттім сіздей тұнық,
Үздігуден үмітін үзбей тұрып.
Ілестіріп әкетті өзіңізбен
Күндердің ертегісі күздей тымық.

Басымнан сызды өткерем, күзді өткерем,
Жанымның жарығын мен сіз деп білем.
Әйтеуір алаң күйде, қалам күйде,
Сізбен бірге адалдық іздеп келем.



МАХАББАТТЫҢ КУӘСІ

Алып-ұшып көңілім де ашық боп,
Әуеніне құстың әсем қосылдым.
Жанарыңа көзім түсіп ғашық боп,
Есінде ме алғашқыда тосылдым.

Сүйдік біздер ақ сезімді аялап,
Бақыт күйін шерттік бірге тамсана.
Тағдыр қосар өмір атты саябақ,
Екеумізді күтіп алды жан сала.

Қол ұстасып бірге аттадық арманға,
Махаббаттың ардақтағын күшін сен.
Көзінді ашсаң жаныңдамын әр таңда,
Бақыт деген осы, жаным, түсінсең.

Ақтығымды, жан серігім, жүрші ұғып,
Жаратқанның мейірімі, нұры осы.
Құрсағымда бүлкілдеген тіршілік –
Махаббаттың теңдесі жоқ куәсі.



ЖАРЫМА

Бақытымсың, жарым-ау, күнім де сен,
Болмас енді жаныңа үңілмесем.
Бәрі жақсы болар ед ертегідей,
Ара-тұра осылай бүлінбесем.

Жаным менің, ақылдым, бар арманым,
Сәл кешіксең қаймығып алаңдадым.
Түсіндім мен өзімді құлай сүйер,
Бұл өмірде өзіңдей адам барын!

Сен жоқ болсаң ұйқтамадым, жатпадым,
Тәбет тартпай нәр де шыным татпадым.
Өзің жоқта көңілім де олқы боп,
Сені ойлаудан басқа зауық таппадым.

Пәк жаныммен самалың боп үп етем,
Сенің жаның жүрегіме құт екен.
Тірі жүрсем шамам келсе өмірде,
Сенің мәңгі отыныңды түтетем!



КЕШІР МЕНІ...

Өкпелетіп алдым-ау кешір мені,
Менен саған жылылық есілмеді.
Жабырқаған жаңбырға тоңған гүлмін,
Ашылмай тұрған дала төсіндегі.

Бұрынғыша келмейді езілмегім,
Деп қатайдым тік тұрдым өзім дедім.
Сел болып кеткен қашан құла түзде,
Біреу үшін жылаған сезімдерім?!

Бүгінде ол сезімнің мәні бөтен,
Дегенмін жаныңда ылғи жанып өтем.
Мүмкін сенің мұңдарым тұлабойғы,
Жүректе қалған оның әні ме екен?!

Көңілде қалды дағы өткенімнің,
Шырқы кетіп жайқалған көктемімнің
Содан бері сезімге екеуге ортақ,
Түсінігім болмағанмен өктем үнім.

Кешір мені қинаса қылықтарым,
Өшір мені санаңнан, ұмыт бәрін.
Саған қатпай жауапты кінәм да сол,
Жүрегімді ертерек құлыптадым.



ДОМБЫРАҢМЕН СЫРЛАСУ

...Аттап өтпей ата салттан – текті ізден,
Талай азап күнді бастан өткізген.
Елу бір жыл ғашық болған Естайды
Шын ғашықтық деңгейіне жеткізген.
Қасиетті қара домбыра үні ғой,
Қорлан көзден қара селді төккізген.

Сырлар келді тұңғық іреңіме,
Шымырлап нәзік жүрек бүреді де.
Тәтті елесті жаныма құя берді,
Жырдан жырды жапсырып жүрегіме.
О, домбыра, иеңіз біледі ме,
Төлеген де кешегі өз сезімін,
Күмбір үнмен білдірген Жібегіне.

Иә, мен Қорлан да емен, Жібек те емен,
Не табам томсырайған құр өкпеден,
Биіктікті сүйетін паң көңілім,
Мұндай ауыр сезімге құл етпеген.
Патша жүрек дәл бұлай дір етпеген,
Аясына арайлы өнерімнің
Дәл осындай керемет жыр екпеген.

Қаға берді алдымен қақпаны күн,
Іздесем де тағатты таппадым дым.
Қан жүректі иілтіп мына әлемге
Өлең болып оқылған ақтады үн.
Көп болса да өмірдің батпағының,
Есімімді есіңе сақта, күнім!

Домбыраң сөйлеп берді сенесің бе?
Деді ол: “айтқаныма көнесің бе,
Керек жерде жан жұлып бересің де,
Төмпешік боп қаласың өлесің де,
Мұның бірақ бөріне көнесің бе?”

Тұңғиыққа сіңіп мен жоқ болыппын,
Соңғы сөздер тірілтті... сол есімде.

Біреулерге шын сезім қолдағы өнер,
Айласымен “өнерін” қорғап өлер.
Балаусамын деп жүрген тікенегің
Шын ғашықты айықпас сорға бөлер,
Махаббатты мәңгілік аялағын,
Жолықса да сұр жылан жолдан егер.

...Иә,
бұл өмірдің өткелі ме,
Іздеймін өткенімнен жоқты неге?
Домбыра осылай үн төккеніне
Қоңыр үн кетпей қойды құлағымнан,
Сол бір адам кім білсін,
өкпелі ме?



ЖАС БОП ҚАЛДЫҢ...

Жанарым жарық шашып жалындамас,
Деп жүрсем қайғым бұлай қалындамас.
Сені көрген сәттерді қанағат қып,
Көңілім сендік елес сағымға мас.

Ұнату өмірде шын сынату ма,
Жүрекке уайым салып тулатуда.
Ұнату жылатумен аяқталар,
Деп қалдым құздан биік құлату ма?!

Естуші ем сезім сыры жайында мың,
Өзіңді ойлап мен жаман уайымдадым.
Неліктен болатынын түсіндім мен
Жалғыздық жанын жеген қайыңда мұң?!

Алдымда тұлғаң биік асқақ тұрдың,
Көңілімді көрсетпей тас қып будым...
Тама жаздап тамбай қап мөлт-мөлт етіп,
Сен менің жанарымда жас боп тұрдың...

Келетіндей сезімге тас лақтырғың,
Жанымды көлеңкеңнен жасқап жүрдім...
Жанарымда қап кеткен сырды ұсындым,
Тамшыларын тамызып асқақ жырдың
Сен менің жанарымда жас боп қалдың...



МӨЛДІР ШЫҚ

Маусым кеші...
Қайта оралмас кез бе едің,
Сенің нұрлы көздерің-ай, көздерің.
Өлең жазғым келіп тұрды сол сәтте,
Өлеңіне ұқсамайтын өзгенің.

Белден асса белес, белес, белес күн,
Елесіңе еріп кеткен емеспін.
Бір ән салғым келіп тұрды алдында,
Дүниеде шырқамаған әлі ешкім.

Көңілімнің ұқпай жүрмін күйін кей,
Ақ қайыңдай тұрдым білем иілмей.
Би билегім келді шіркін...

Ырғалып,
Айдындағы аққулардың биіндей.

Ақ самалым желікпе деп желге ұрсып,
Көкжиекке күн де батты көлгірсіп.
Сол бір сезім жанбай қалған жанартау,
Жанарымнан тамбай қалған мөлдір шық...



БІТПЕСЕ ЕКЕН ЕРТЕГІМ

Сағыныш күйін шертемін,
Қуаныш сыйлар көркемім.
Бақытты шақтар әйтеуір
Бітпесе екен ертегім.

Арманым болған елессің,
Қосса екен белес күн.
Өзіңнен басқа ешкімді
Өмірде сүйген емеспін.

Жырымды айтам өн қылып,
Қарсы алсын бізді таң күліп.
Ардақтым менің аяулым,
Мен сендік болам мәңгілік!



ЕҢІРЕГЕН ЖҮРЕКТІ...

Ұнатып сені нұр жүзбен келіп таныстым,
Сол күндер маған қол жетпейтін
алыс күн.

Ұнатуменен, жылатуменен ақыры,
Есімде қалды таныс күн.

Сыр айттым саған шуақты жылы лебізбен,
Адамдардың арасында сен ізгі ең.
Жанымды жаншып күйретіп кеткен
жыраққа,
Сен едің қайғы жегізген.

Шағым еді сәл көкке самғай қалған,
Қас-қағым сәт уақытым жалмай салған.
Сен кеткен күн қасарысып сұр аспан,
Жаңбырым жаумай қалған...

Суық жүзің бәрін бірден күл етті,
Орнатқандай көңіліме түнекті.
Уатсам екен, қалай жұбатсам екен,
Еңіреген жүректі...
Еңіреген жүректі...



БІЛІП ЖҮРШІ ҚҰНЫМДЫ...

Неге ғана салып едім көзімді,
Нем бар еді жариялап сезімді.
Ақымақпын үміт күтем несіне,
Бағалайтын жандай көріп өзінді.

Өмірдегі атар бөлкім таң мына,
Жүректердің табысуы заңды да.
Нені тапқым келген екен өзіңнен,
Бар сырымды жайып салып алдыңа.

Іздеуменен өзінді таласып күн,
Жасына да қарамай қарашықтың.
Шығар жолды таппай келем әлі мен,
Сенен іздеп өзімді адасыппын...

Ұяттымын, бөрі кетті бүлінді,
Алған жоқпын қызға ұсынар гүлінді.
Гүл болмаса гүл болмасын өтінем,
Біліп жүрші құнымды.

Жасағандай өзімше батыл қадам,
Мен өзіңе осылай жақындағам.
Сергелдеңге салса да қанша сезім,
Қателіктер жібермес ақылды адам.

Өзіңмен қатар жүру белес екен,
Бір ойыммен бір ойым егесетін.
Құлақ сап көріп едім мойындадым,
Мен ақылды емес екем.

Кешір, ерім, сана менен ақылда от,
Жырлағаным болмаса бір ақын боп.
Жыр жазуға мүмкіндігім болса да,
Ғашық болуға қақым жоқ!

Ұяттымын, бәрі кетті бүлінді,
Алған жоқпын қызға ұсынар гүлінді
Ештеңенің қажеті жоқ, өтінем,
Біліп жүрші құнымды...



КЕШ ДЕДІМ...

Өзімше тұрмын түсінбей,
Жүзіңді танып таң қалдым.
Жүрегім теңіз күшіндей,
Келмеді мүмкін алданғым.

Көзіме тіктеп қадалдың,
Қалар ма едім жанарсыз.
Адам боп неге жаралдым,
Мен едім кеткен хабарсыз.

Алғанда өзің құшақтап,
Жасымды өрең жия алдым.
Жүректі кеткен пышақтап,
Ісіме қатты ұялдым.

Баяғы нұрлы жанарың,
Кешірімінді ұсындың.
Қасыңда мәңгі қаларым
Өзгермегенін түсіндім.

Есімде қалдың асылдай,
Мен үшін сірә кешпе мұң.
Жайымды айттым жасырмай,
Дегенмен, жаным, кеш дедім.

Бақытты қалай етем-ау,
Болсыншы жырым шаттығың.
Осылай аяқталады екен-ау,
Махаббаттағы тәтті мұң...

ЖҮРЕГІМ СЕН ДЕП СОҒАДЫ

Бәрінен мына тірліктің,
Қойып ем сені жоғары.
Сені іздеп міне дүрліктім,
Беймәлім тағдыр болары.
Жүрегім сен деп соғады,
Хабарың, жаным, жоқ әлі.

Қасымда болмай ұзақ тым,
Телміріп күтіп бір хабар,
Таңдарды талай ұзаттым,
Сағыныш жанды тырналар.
Бақытты күйім жырланар,
Хабарың болса бір барар.

Ісіне тағдыр бағындым,
Тұрса да көңіл ашылмай,
Өзіңді қатты сағындым,
Жүрегім қойды басылмай.
Сырымды айттым жасырмай,
Есімде қалдың асылдай.

Бәрінен мына тірліктің,
Қойып ем сені жоғары.
Сені іздеп енді дүрліктім,
Беймәлім тағдыр болары.
Жүрегім сен деп соғады,
Хабарың, жаным, жоқ әлі.

АЛАҚАНДАҒЫ БАҚЫТЫҢ

Аялап мені жаныңдай,
Сезімнің күйін толғаттың.
Арайын шашар таңымдай,
Сезімді мен де жолдапшын.

Сезіммен сенген сертіне,
Бізге өмір сыйын тосыпты.
Қалдырмай жанды еркіне,
Бұл тағдыр бізді қосыпты.

Жүректің үні естілді,
Жылуын жанның ұсындым.
Өзіңнен басқа ешкімді,
Сүймегенімді түсіндім.

Өзіңсіз жаным құлайды,
Аз болса да уақытың.
Түсінгеніңді сұрайды,
Алақандағы бақытың.



РИЗАМЫН САҒАН...

Көзіме көрінгенің үшін,
Көңіліммен өрілгенің үшін,
Мендегі сезім паш етіп жатыр
Жансың жүрек төріндегі шын.
Ризамын саған!

Ұнатқанымды түсінгенің үшін,
Сырларым осы ішімдегі шын,
Танытып әдет жігіттей алғаш
Сөйлесіп кішіргенің үшін,
Ризамын саған!

Мен күткен жауап қайтармағаның үшін,
Ойыңды айта алмағаның үшін.
Жашырағын тосқан қайыңдай болып,
Бағымда жайқалмағаның үшін,
Ризамын саған!

Жымыып алғаш күлгенің үшін,
Құнымды елеп білгенің үшін.
Содан соң бір сәт құбылып кетіп,
Суық боп, сұр боп жүргенің үшін,
Ризамын саған!

Сырымды аңдамағаның үшін,
Үмітті жалғамағаның үшін.
Жанымның жырығын ұғар
Адам боп қалмағаның үшін,
Ризамын саған!

Кешіргін, кел демегім үшін,
Жан жылуын бермегенің үшін.

Мақпал Мыса

Селт еткен сезім желкенін үзіп,
Көңілімді жерлегенің үшін,
Ризамын саған!

Өтсе де сырғып мына бір уақыт,
Сезімім, сырым өзіме жаһұт.
Жүрекпен үлкен риза боп саған,
Тілеймін бақыт!
Тілеймін бақыт!



ҚАТАЛДЫҚҚА ҚАЙРАНМЫН!

Маған суық қарайсың, сезіп тұрмын,
Жанымды жегідей жеп кезіп бір мұң.
Жан жарасы жазылмас ауыр екен,
Неге ғана мен өзіңді кезіктірдім?

Салмақ сап қарағанмен санаға сан,
Қабатқа қайғы орнар қарамасаң.
Қаталдық сезе қалсам мен өзіңнен,
Жанымды жараланған ала қашам.

Өтті, кетті қалықтап қайран күнім,
Сағынышқа сарғайып байланғаным.
Түсінбей-ақ мен кеттім көз алдыңнан,
Мен сендегі қаталдыққа қайран қалдым...



ҒАШЫҚТАР КҮНІ

Қадірлейтін, қастерлейтін барлық ұлт,
Ғашық өні шырқалатын жаңғырық
Ұрпағына дастан болып жалғасқан,
Ләйлі, Мәжнүн махаббаты мәңгілік!

Ғашық сезім болатұғын әркімде,
Ғашық өні шырқалады бар тілде.
Мұндай ұлы құдіретке шын ғашық
Құлдық ұрып бас иеді бар күнге.

Бір тамшыдан құралатын мың тамшы,
Өшпес аппақ сезімдерден сыр қалсын.
Сан ғасырлық тарихына арналған,
Қозы-Баян махаббаты жырлансын!

Біздің айтар тілегіміз сол болсын,
Қол ұстасқан қос жүрекке жол болсын.
Екеуге ортақ махаббатпен Құдайым
Дүние есігін ашар сәби мол болсын!



МАЗМҰНЫ

Мен керекпін.....3

Бірінші бөлім

Әппақ дүние – ақ әлем

Бөрі де әппақ.....	6
Таңын сыйлар тағдырым.....	7
Танысу.....	8
Ауыл жайлы түс көрем.....	9
Қайнарбұлақ.....	10
Қайнарға бара жатқанда.....	11
Қайран көктем.....	13
Ауылымды сағындым.....	14
Жетісу – жетігеннің жеті ішегі.....	15
Ілиястың Ақсуы.....	17
Жыр – Құлагер.....	18
Қарлығашым, келдің бе?.....	20
Ақын ағама.....	22
Тау қызымын.....	24
Тәубе деймін.....	25
Қазағымның даласы.....	26
Менің Қазақстаным!.....	27
Қыран қалам.....	28
Астанам.....	29
Тіл туралы толғау.....	30
Ел бірлігі жасасын!.....	32
Қапшағай деген бір көл бар.....	33
Тілім өсте кірлемеуге тиісті!.....	34
Егеменді ел деген.....	35
Бала күнгі дәптерден.....	36
Мен сіңлісі Жібектің.....	38
Өзгеше көктем.....	39
Қазақпын!.....	40
Тетік болсам.....	41
Ұлан едің.....	42
Қараиыққа.....	43
Не жетсін.....	44

Екінші бөлім

Өмір гүлі

Жаным менің іздейді.....	46
Ой тамшы.....	47
Өлеңім.....	48

Сағынышым сағымға ілескен күн.....	49
Тағдырым.....	51
Аңсау.....	52
Сұлу жыр.....	54
Өмір кешем.....	55
“Тұра ала ма жүрек шіркін,..”.....	57
Аналық мейірім.....	58
Көктен тілейін.....	59
Бағым бар.....	60
Бейқамдығың.....	61
Әуелі үн.....	62
Анашым.....	63
Жазмыш сол.....	64
Айдынымды аялар армандар көп.....	65
Жұбату.....	66
Көңілсіз күй.....	67
Өмір асулары.....	68
Жазғырма.....	69
Бір төтті мұң.....	70
Адамның кейбір кездері.....	71
Атам бар.....	72
Сүттей түн.....	73
Іздеп жүргенім.....	74
Медет.....	76
Ақпаным.....	77
“Тілеу тілеп жалбарынсам келерсің,..”.....	78
“Араға салып уақытты,..”.....	—
“Армандарым ай нұрындай көрінген,..”.....	—
“Жаным бүгін бір сезімді сезеді,..”.....	—
“Жабырқатты мына жаз жанымды илеп,..”.....	79
Жерідім.....	80
Жұбату.....	81
Сары күз.....	82
Жан досым.....	83
Жұмақ сәт.....	84
Алғысым шексіз бәріңе!.....	85
Аналарға осы үлгі.....	86
Тәңірімнен хабар беріп тұр ма екен?!.....	87
Ақын көңілі.....	89
Кешір, өмір!.....	90
“Қартаймас деген сөз бар анасы бар,..”.....	91
Әлдімнің іңгәсі.....	92
Жылама, жаным!.....	93

Ұлыма.....	94
Досым Әсемге.....	95
Туған күнге тілек.....	96
Наурыз келді, ән келді.....	97
Сен барсың.....	98

Үшінші бөлім
Қыз бұрымы

Қыз бұрымы.....	100
Сенбісің?.....	101
“Саған, күнім, көңілім жүр алаңдап,..”.....	102
Ақпанда туған ақындар.....	103
“Махаббатты маңызды деген,..”.....	104
“Салқындық кештім,..”.....	_
“Мен сені сүйгем,..”.....	_
“Отан үшін отқа түсіп күйю,..”.....	_
Сүйген жүрек.....	105
Сағыну.....	106
“Балса да тылсым кеш,..”.....	107
Сары гүл.....	108
Шаттығым қайда?.....	109
“Сыр ашпай тыныш көз ілсем,..”.....	110
Сіз деп білем.....	112
Махаббаттың куәсі.....	113
Жарыма.....	114
Айнымас серт.....	115
Шын махаббат.....	116
Кешір мені.....	117
Домбыраңмен сырласу.....	118
Жас боп қалдың.....	120
Мөлдір шық.....	121
Бітпесе екен ертегім.....	122
Еңіреген жүректі.....	123
Біліп жүрші құнымды.....	124
Кеш дедім.....	126
Жүрегім сен деп соғады.....	127
Алақандағы бақытың.....	128
Ризамын саған.....	129
Қаталдыққа қайранмын!.....	131
Ғашықтар күні.....	132

Мақпал Мыса

Мен керекпін

Сарашысы — *Ұлжалғас Зәуірбекова*
Техникалық сарашысы, безендірген және
беттеген — *Нұргүл Сейдахметова*

Теруге 09.04.12 жіберілді. Басуға 13.06.12 қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x90^{1/32}.
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 8,5 б.т. Шартты баспа табағы
6,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс N Келісімді баға.

ИБ № 5098

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй.
Тел.: (727) 394-36-40

ISBN 978-601-7286-35-4



9 786017 286354